



ПРЕЗИДЕНТ ФРАНЦИЯҒА ЖҰМЫС САПАРЫМЕН БАРДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Франция Республикасына мемлекеттік сапармен барды.


Париж әуежайында Қазақстан Президентін Францияның Сыртқы істер министрі Жан-Ноэль Барро қарсы алды.

Бүгін Елисей сарайында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Франция Президенті Эмманюэль Макрон келіссөз жүргізеді.

ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ – ЖАНҒА ДӘРМЕН

Күнделікті өмірде ірі қала тұрғындары көшеде бебеулеп жүйткіп бара жатқан жедел жәрдем көлігіне көз салмайды да. Ал егер жедел жәрдем стансасына бас сұкса, жон арқасы мұздап қоя берер еді. Сырқаттардан алғыс емес, шағым ғана естуден шаршаған, өмір мен өлім арасындағы арпалыстан көңілін мұң шалған, кірлеген киімін ауыстыруға шамасы қалмаған фельдшерлер... Жалақының аздығынан, жұмыс жүктеме-сінің ауырлығынан жаны күйзеліп, жанары тұнжыраған жүргізушілер... Денсаумин елде жедел жәрдемнің 2 359 көлігінің небәрі 1 920-сы жүріп тұрғанын айтады.

Жалғасы 4-бетте



ҚАЗАҚСТАН – ФРАНЦИЯНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ӘРІ СЕНІМДІ СЕРІКТЕСІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Франция Республикасына мемлекеттік сапары басталды. Сапар қарсаңында Францияның Le Figaro газетінде Қазақстан басшысының авторлық мақаласы жарық көрді. «Қазақстан – Францияның стратегиялық әрі сенімді серіктесі» деп аталатын мақалада Қасым-Жомарт Кемелұлы еліміздің теңгерімді сыртқы саясатына, орта держава ретіндегі рөліне тоқталды. Сонымен бірге Президент әлемдегі заманауи қақтығыстарды дипломатиялық жолмен шешудің маңызын атап өтті.

«Бұрын-соңды болмаған геосаяси турбуленттілік пен поляризация жағдайында заманауи әлем жайлы қандай да бір болжам жасау мүмкін емес екенін атап өту керек. Жағдайды екі үлкен планетарлық сын-кәтер – жылдам өсіп келе жатқан жаһандық жылыну мен ірі масштабтағы жаппай көші-қон шиеленістіріп тұр. Бұл факторлар бір-бірін өзара күшейте отырып, әлем бойынша миллиондаған адам зардап шегетін жойқын зардаптарға алып келеді. Ал мұндай дағдарыс жағдайында қолданыстағы басқару жүйелері мен халықаралық

жедел әрекет ету механизмдері айтарлықтай тиімді бола алмай отыр. Әсіресе, көпжақты институттардың жиі тығырыққа тірелуі алаңдатады. Айталық, Біріккен Ұлттар Ұйымының мысалы осындай дағдарыстың айқын көрінісі», – деп жазды Қ.Тоқаев. Президент бұл ұйымды жаһандық ынтымақтастықтың барша мойындаған символы қызметін атқаратын баламасыз құрылым ретінде бағалай отырып, оның түрлі қиындықтарға кездескенін атап өтті.

Жалғасы 2-бетте

КҮРЕЖОЛДЫҢ ИГІЛІГІН КӨРЕР КҮН ЖАҚЫН

Республикалық маңызы бар Қызылорда-Жезқазған күрежолының игілігін көретін күн алыс емес. Қазіргі уақытта автожолдың Сыр өңіріне тиесілі аумағында қайта жаңғырту жұмыстары қызу жүргізіліп жатыр.

Республикалық маңызы бар Қызылорда-Жезқазған күрежолының игілігін көретін күн алыс емес. Қазіргі уақытта автожолдың Сыр өңіріне тиесілі аумағында қайта жаңғырту жұмыстары қызу жүргізіліп жатыр.

Талай жыл жырға айналған тасжолдың бүгінгі күйі көңіл жадыратады. Жолшылар жол құрылысы қарқын алған үш учаскеде толықтай асфальттау жұмыстарын бітіріп, ел игілігіне пайдалануға беруге тас-түйін дайын-

далып жатыр. Көлік министрлігінің ұйымдастыруымен өткізілген «Сапа керуені» баспасөз турында Автомобиль жолдары комитеті, «Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» және «Қазавтожол» компаниясының мамандары бірлесіп, автожолдың қазіргі күйімен таныстырды.

→ 3



БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

КӨПБІРЛІКТЕ ЖАҒАЛЫҚ КӨП

«Үштөбе – Алмалы – Көпбірлік» автомобиль жолының жалпы ұзындығы – 176 шақырым, соның 137 шақырымы жөнделсе, оның 78,5 шақырымы биыл төселіпті. Ал қалған бөлігі жақсы және қанағаттанарлық жағдайда екен. Көпбірліктен Алмалы ауылына дейінгі ұзындығы 28 шақырым жол бөлігіне 2021 жылы орташа жөнделу жасалыпты. Жолдың қалғанының жұмысы төрт бөлікпен атқарылған көрінеді.



→ 7

ЕҢ ҚИЫН ҚАРСЫЛАСЫМ – ӨЗІМ

Астанада Республика күніне орай ұйымдастырылған қазақ күресінен «Қазақстан барысы» XIII республикалық турнирі аяқталды. Бұл турнирге өңірлік жарыстардың қорытындысы бойынша іріктеліп алынған еліміздің үздік палуандары жиналған еді. «Қазақстан барысы-2024» атағын және алтын тайтұяқ жүлдесін Абай облысының палуаны Ерасыл Қажыбаев жеңіп алды.



→ 8

БАСПАСӨЗ-2025

АІОҰН
республикалық
қоғамдық-саяси газетіне
2025 жылға жазылу басталды

Жазылу түрлері	Индекс	Жазылу мерзімі	Редакциялық баға, қоса есептегенде	«ҚАЗПОШТА» АҚ жазылу бағасы, тг.	
				Қала	Ауыл
Заңды тұлғалар үшін	15102 - АІОҰН	6 ай 12 ай	10 500 21 000	15 871,08 31 742,16	11 854,86 23 709,72
Жеке жазылушылар үшін	65102 - АІОҰН	6 ай 12 ай	6 250 12 500	7604,46 15208,92	



Анықтама телефондары:

«Қазпошта» анықтама бөлімі: 8 (7172) 58-02-96
Жазылу және тарату бөлімі: 8 (778) 837-07-21



5 ҚАРАША 2024 | СЕЙСЕНБІ

ҚАЗАҚСТАН – ФРАНЦИЯНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ӘРІ СЕНІМДІ СЕРІКТЕСІ

(Басы 1-бетте)

Қазақстан Президенті қуатты экономикалық және саяси ықпалы бар супердержавалардың арасында халықаралық күн тәртібіндегі шешуші мәселелерге қатысты көзқарас қайшылығы бар екеніне тоқталды. «Көзқарастардың үйлесілуі қажеттіліктер ұзаққа созылатын сипатқа ие аймақтарда мейлінше өткір тұр, ал дау-дамайды шешу механизмдері, соның ішінде БҰҰ қауқарсыз болып отыр», — деп жазды Қ.Тоқаев.

Қазақстан басшысы өз мақаласында көпжақты әріптестік тәсілдерін қайта қарастыру қажет екенін, «геосаяси координаттар жүйесі» біршама өзгергенін атады. Сонымен бірге Қ.Тоқаев қазіргі таңда орта державалардың күн санап өсіп келе жатқан ролін мойындау жана ақиқаттың шешуші аспектісі екенін айтты. «Бұл мемлекеттердің экономикалық және саяси беделі күшейіп келеді, ал олардың салмақты әрі конструктивті ұстанымдары жаһандық белгісіздік жағдайында шешуші мәнге ие. Ірі державалар компромиске келе алмайтын жағдайда дәл осы орта державалар жаһандық әріптестік принциптеріне адалдықтарын сақтай отырып, диалог жасау мүмкіндігін қолдау арқылы арағайын ролін жиі атқарып жүр.

Қазақстан да көп жылдардан бері теңгерімді сыртқы саясат жүргізіп, әлемдік дипломатияны алға жылжытуға қатысып келеді. Орта державалардың жана статусы біздің елге дәл осы маңызды миссияны жүзеге асырудың үлкен жауапкершілігін жүктейді», — деп жазды Қазақстан Президенті.

Сонымен қатар мақалада заманауи сын-кәтер өршіп, қықтығыстар көбей-



ген кезде Қазақстан бітімгерлік процесстерді және өркениетаралық диалогты қолдайтыны айтылған. Атап айтқанда, Әзербайжан мен Армения арасында бейбіт келісім жасау туралы келіссөздер өткізу үшін алаң ұсына отырып, Қазақстан аталған екі мемлекеттің өзара қарым-қатынасында жана парак ашу ниетін қолдады. Одан бұрын Астана Сирия мәселесі бойынша келіссөздер өт-

кізуге атсалысты. Сонымен қатар Иранның ядролық бағдарламасына қатысты көпжақты келіссөздер үшін алаң ұсынды. Қазақстан Әлемдік және дәстүрлі діндер жетекшілері съезін ұдайы өткізіп келеді. Өз кезегінде бұл шара конфессияаралық диалогты өрбітуге қызмет ететін бірегей платформаға айналды. Бұл қадамдар — Қазақстан мен Францияға ортақ ынтымақтастық, теңдік пен

бейбітшілік сүйгіштік тәрізді құндылықтардың көрінісі.

Мақалада Қазақстанның демократиялық жүйені нығайтуға, «жасыл» энергетика, цифрлы технология мен логистиканы дамытуға бағытталған қадамдарына тоқтала келе Қасым-Жомарт Тоқаев жаһандық климат мәселесі де өзекті екенін атап өтті. «Қоршаған ортаны қорғау саласында біз жаһандық кли-

мат мәселесіне бейжай қарамаймыз әрі келешек ұрпақ пен ғаламшарымыздың алдында жауапкершілігімізді сезінеміз және климат бойынша Париж келісімін жақтаймыз. Біздің 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткіземіз деп жариялауымыз — Қазақстанның тұрақты даму мақсаттарын дәйекті жүзеге асыруының тағы бір дәлелі.

Экология және тұрақты даму мәселесінде Астана мен Париж One Water Summit бастамасын ұсынды. Биыл желтоқсан айында Президент Эмманюэль Макронмен бірге су ресурстарын басқару бойынша ынтымақтастықта белсенділікке шақыратын форум ұйымдастыруды жоспарладық. Бұл сала БҰҰ орнықты даму бағдарламасының «Баршаға таза су мен санитария» дейтін формадағы негізгі мақсаттарының біріне қол жеткізуде шешуші мәнге ие», — деп жазды өз мақаласында Қазақстан Президенті.

Мақалада көрші-қоланмен тату болу принципін ұстануы Азия мен Еуропаны Қазақстан және Каспий теңізі арқылы байланыстыратын «Орта дәліз» тәрізді жобаларды жүзеге асыру арқылы аймақаралық интеграцияны жетілдіруге мүмкіндік беретіні айтылған. Әрі мұндай жобалар сауда-саттықты ғана емес, жалпы ынтымақтастық рухында аймақаралық байланыстарды күшейте түседі. Өз кезегінде мұндай қадамдар Еуропаның, соның ішінде Францияның энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Сонымен бірге мақалада екі елдің сирек кездесетін металл өндірісін дамытуға, қалпына келтіретін қуат көздерін жетілдіруге, бейбіт атом саласындағы ынтымақтастықты арттыруға мүдделі екені де атап өтілді.

СЕНАТ



СОТ ЖҮЙЕСІН РЕФОРМАЛАУ ТУРАЛЫ ЗАҢ ҚАРАЛАДЫ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата бюросының отырысы өтті. Онда депутаттар 7 қараша күні өтетін Сенат отырысының күн тәртібін бекітті және сенаторлардың өңірлерде ұйымдастырылатын көшпелі отырыстарына дайындық барысын талқылады.

Алдағы бейсенбіде Сенат депутаттары «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот жүйесін реформалау және процесстік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңды қарайды. Бұл заңға депутаттар бастамашы болды. Аталған құжат сотта қорғалу құқығын іске асырудың құқықтық кепілдіктерін күшейтуге және сот төрелігін іске асыру сапасын, судьялар корпусының кәсібилігін және олардың жауапкершілігін арттыруға бағытталған тиісті заңнамалық тетіктерді әзірлеу арқылы сот жүйесін одан әрі жетілдіруді көздейді.

Сондай-ақ биылғы маусымда қабылданған «Қазақстан Республикасының кейбір конституция-

лық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы дербес кассациялық соттар құруды және олардың сот актілерін қарау жөніндегі өкілеттіктерін қарастырады. Осыған байланысты заң арқылы Қылмыстық-процестік кодекске, Азаматтық процесстік кодекске, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекске, сондай-ақ басқа да бірқатар заңдарға түзетулер енгізіледі.

Палатаның іс-шаралар жоспарына сәйкес сенаторлар осы аптада бірқатар кездесу өткізеді. Олардың қатарында Ақмола облысында өтетін құқықбұзушылықтардың алдын алу және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, сондай-ақ Қызылорда облысында ұйымдастырылатын

аэроғарыш саласын дамытуға қатысты мәселелерге арналған көшпелі отырыстар бар.

Сонымен қатар Сенат комитеттерінің ҚР «Прокуратура туралы» Конституциялық заңын іске асыру жөніндегі отырыстары, «Еңбек адамы — ұлттық экономиканың өсуі мен ұлт өркендеуінің негізі» тақырыбына арналған парламенттік тыңдауға дайындық аясында Ақмола облысының Аршалы ауданына сапар және Қазақстандағы агроөнеркәсіптік кешен өнімдерін қайта өңдеу мәселелері бойынша мемлекеттік органдар басшылығымен кездесу жоспарланған.

Бұдан басқа Бюро отырысында Мәжілістен келіп түскен заңдар жұмыс үшін тұрақты комитеттерге бөлініп берілді.

МӘЖІЛІС

ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНБАҚ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.



Бірінші оқлымда депутаттарға білім беру және баланың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша Үкіметтің түзетулері мен әскери-патриоттық тәрбиеге қатысты Парламент депутаттары ұсынған заң жобасын қарау ұсынылады.

Білім беру және бала құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі заң жобасында жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды баламалы түрде кәсіби қабылдаушы отбасына орналастыру көзделді. Балалар анықталған сәттен бастап мұндай отбасына балалар үйіне жіберілмей-ақ, қамқоршы немесе қорғаншы орган мен қабылдаушы тәрбиешілер арасындағы келісімшарт негізінде беріледі.

Әскери-патриоттық тәрбие мәселелері жөніндегі депутаттар бастамашы болған заң жобасы азаматтарды әскери-патриоттық тәрбиеленудің бірінші жүйесін құруға және осы жұмысқа барлық

мемлекеттік орган мен ұйымдарды тартуға бағытталған. Осы мақсатта Қорғаныс министрлігі мен жергілікті атқарушы органдар жанынан әскери-патриоттық тәрбие жөніндегі үйлестіру кеңестерін құру ұсынылады. Бұдан басқа, азаматтарға әскери жиындарға шақыртусыз және күнделікті жұмыстарынан қол үзбей-ақ, тұрғылықты жерінде әскери оқу орындарында, білім беру ұйымдары жанындағы әскери кафедраларда (факультеттерде), сондай-ақ әскери-техникалық мектептерде ақылы негізде әскери дайындықтан өту мүмкіндігі беріледі. Оқу жұмыстан тыс уақытта және өндірістен қол үзбей жүргізіледі.

Сонымен қатар Мәжіліс Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің сыйбала жемқорлыққа қарсы іс-қимылдағы ынтымақтастығы туралы келісімді ратификациялау туралы заң жобасын қарайды.

КҮРЕЖОЛДЫҢ ИГІЛІГІН КӨРЕР КҮН ЖАҚЫН

Республикалық маңызы бар Қызылорда-Жезқазған күрежолының игілігін көретін күн алыс емес. Қазір автожолдың Сыр өңіріне тиесілі аумағында қайта жаңғырту жұмыстары қызу жүргізіліп жатыр.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Талай жыл жырға айналған тасжолдың бүгінгі күйі көңіл жадыратады. Жолшылар жол құрылысы қарқын алған үш учаскеде толықтай асфальттау жұмыстарын бітіріп, ел игілігіне пайдалануға беруге тастүйін дайындалып жатыр. Көлік министрлігінің ұйымдастыруымен өткізілген «Сапа керуені» баспасөз турында Автомобиль жолдары комитеті, «Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» және «Қазавтожол» компаниясының мамандары бірлесіп, автожолдың қазіргі күйімен таныстырды.

Бұған дейін аталмыш жолға қатысты қордаланған мәселе көпті толғандырып келді. Халық тарапынан айтылған сын-ескертепелер аз болмады. Бәрінің тілегі бір. Жолға шыққан жамағаттың қауіпсіздігін назардан тыс қалдырмай, жол құрылысы сапалы жүргізілсе деген мақсат. Бұл тұрғыда арнайы жол мамандары бәрі талапқа сай жасалып жатқанын жеткізді.

«Қазір екі өңірдің арасын жалғайтын автожолдың Қызылорда облысына қарасты бөлігінде тиісті жұмыстар кестеге сәйкес жүргізіліп жатыр. Басты мақсат — санға емес, сапаға көңіл бөлу. Жолшылар жұмыс сапасын бір сәтке де назардан тыс



қалдырған емес. Бүгінде күрежолдың Қызылорда облысына апаратын 90 шақырымы пайдалануға беріліп, жол белгілерін орнату мен танбаларын сызу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жоба аясында жол жиегін тегістеу, абаттандыру жұмыстары да атқарылатын болады. Нақты уақытта күрежол бойында 700-ден астам жұмысшы тер төгіп жүр. Жұмысшылардың басым көбі жергілікті жердің тұрғындары. Жолды 2025 жылы толық аяқтап, ел игілігіне пайдалануға беретін боламыз», — дейді жол құрылысының жұмысымен таныстырған Көлік министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің басқарма басшысы Нұртілек Хасенов.

Мемлекет басшысының тікелей бақылауында тұрған автожол құрылысы бір сәтке тоқтаған емес. Мамандардың пікіріне сәйкес, нақты уақытта Сыр мен Ұлытау өңірінің арасын жалғайтын 450 шақырым жолдың 192 шақырымына қайта жаңғырту жұмыстары жүріп жатыр. Нәтижесінде, 3 учаскеде үш қабат асфальт жабындысы төселген. Жалпы құны 72,7 млрд теңгені құрайтын жобаны

жүргізуге 5 мердігер компания тартылған. Мердігерлердің төртеуі қытайлық болса, біреуі жергілікті «Қыран» компаниясы болып табылады.

Жол құрылысының сапасы құзырлы орындар тарапынан қатаң бақылауда тұрғанын жоғарыда атап өттік. Бұл тұрғыда мердігер компаниялар да жауапкершілікті сезініп отырғаны аңғарылады. Ең бастысы, Еуропалық даму және қайта құру банкі арқылы қаржыландырылған жобаны жоғары сапада жүргізуді «Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» РМК мамандары ұдайы бақылауда ұстап отыр.

«Күрежолды қайта жаңғырту жұмыстарына жүрдім-бардым қарауға жол берілмейді. Мемлекет тарапынан қойылған басты талап осы. Соған сәйкес, әрбір атқарылған жұмыстарды ұдайы бақылауда ұстап отырымыз. Өйткені автожол құрылысынан қандай да бір қауа шықса, оған мердігер компания тікелей жауапты болып табылады. Осы орайда жол сапасы бойынша мердігерлерге 5 жылға кепілдік мерзімі қойылып отыр. Осы жылдар а-



лығында кемшіліктер болса дер кезінде қалпына келтіруге міндетті. Осы мақсатта жылжымалы зертхананың көмегімен жол сапасына тұрақты түрде зерделеу жұмыстары жүргізіліп отыр. Нәтижесінде, үш учаскедегі жолдың тегістігі 98 баллдық жүйемен жоғары көрсеткіш көрсетіп отыр», — деді бұл жайында «Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» РМК бас директоры Болатбек Айтбаев.

Осы орайда айта кеткен абзал, биыл жол сапасын зерделеу орталығы арқылы 1024 рет тексеру жұмыстары жүргізілген. Соның негізінде жол жабындысы мен құрылыс материалдарынан 4,2 мың сынама алынса, оның 20 пайызы талапқа сай еместігі анықталыпты. Соған сәйкес, мердігер өз қаржысы есебінен 167,1 млн теңгеге қайта қалпына келтіру жұмыстарын жүргізгені мәлім болды.

Жол құрылысына тартылған жергілікті жалғыз мердігер «Қыран» компаниясы өзіне тиесілі аумақты толықтай аяқтап отыр. Бүгінде күрежол бойында демалыс орындарының құрылысына кіріскен мердігер межелі жұмыстарды белгілен-

ген мерзімде аяқтауға мүмкіндіктері мол екенін алға тарттады.

«Автожолды қайта жаңғырту бойынша тиісті жұмыстарды 2022 жылдың сәуірі айында қолға алдық. Негізінен, бізге жолдың 127 мен 156 шақырым аралығы тиесілі. Яғни, 29 шақырым жолды қалпына келтіру міндеті жүктелді. Бүгінде бізге тиесілі 29 шақырымның үш қабатының жабындысы толығымен аяқталды. Сондай-ақ жол белгілерін қою мен жолақтарын сызу жұмыстарын да бітірдік. Нақты кезеңде жолаушыларға арналған демалыс орындарының құрылысын жүргізіп жатырмыз. Бұл жұмыстарға 150-ден астам жұмысшы мен 90 бірлік жол техникалары жұмылдырылды», — дейді «Қыран» ЖШС-ның жоба жетекшісі Есентай Өмірзақов.

Жалпы, 2025 жылдың аяғына дейін Сыр өңіріне тиесілі жол бөлігін толықтай аяқтап, ел игілігіне пайдалануға беру жоспарланып отыр. Ал келер жылдан бастап Ұлытау өңіріндегі күрежолды қайта жаңғырту жұмыстары бастау алатыны мәлім болды.

БЮРОКРАТИЯ РЕФОРМАНЫҢ САПАСЫН АЗАЙТАДЫ

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбайдың басшылығымен сервистік мемлекеттік аппаратты қалыптастыру және оның қызметін бюрократиядан арылту мәселелері бойынша Консультативтік-сараптамалық топтың отырысы өтті.



Отырыста мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасы, сонымен қатар жер қатынастары саласында көрсетілетін қызметтерді оңтайландыру мәселелері қаралды.

Агенттік төрағасы Дархан Жазықбай бюрократия мемлекеттік аппарат қызметінің жұмысын қиындататын және оның тиімділігін төмендететін негізгі факторлардың бірі екендігіне тоқталып, «Мемлекет басшысы «Бюрократия — барлық реформалардың сапасыз болып іске асуының басты себебі» деп атап көрсеткен болатын. Құжат рәсімдеудің ұзақтығы, артық құжат айналымы, формальдылық — азаматтар мен кәсіпкерлерге қиындық туғызды. Сондықтан мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді ұсынуға ашықтыққа, жеделдік пен сапаға мән беру қажет», — деді.

Мемлекет басшысы 2022 жылғы сәуірде мемлекеттік аппарат қызметін бюрократиядан арылту туралы Жарлыққа қол қойған сәттен бастап Агенттік бюрократиялық кедергілерді жою бойынша ауқымды іс-шаралар жүргізді. 2 жыл ішінде мемлекеттік органдардың 4 мыңнан астам функциялары талданды.

МҚІА төрағасы Дархан Жазықбай мемлекеттік аппарат қызметінің тиімділігін арттыру үшін кешенді шаралар жүзеге асырылып жатқанын атап өтті.

Біріншіден, мемлекеттік органдардың құрылымын оңтайландыру бойынша 140-қа жуық функцияларын талдау нәтижесінде, қайталанатын міндеттерін алып тастау, кейбір функцияларды бөсекелестік ортаға беру және орталықсыздандыруға қатысты 200-ден астам ұсыныс әзірленді.

Мәселен, Денсаулық сақтау министрлігіне жүргізілген талдау аясында екі департамент басқарма болып қайта құрылып, бұл жылына 8,5 млн теңгені үнемдеуге мүмкіндік берсе, ал ауылдық дәрігерлерге уақытша еңбекке жарамсыздық парағына қол қою құқығын беру шамамен 1 млн ауыл тұрғынын аудан орталықтарына бару қажеттілігінен босатты.

Екіншіден, процестерді цифрландыру, онлайн платформаларды пайдалану арқылы көптеген аппараттық жүйені ықпалдастыру, қажетсіз құжаттарды жою арқылы рәсімдерді жеңілдету бойынша 170-тен астам ұсыныс уәкілетті органдарға енгізілді.

Үшіншіден, бюрократия мен қағазбастылық көріністеріне әсер ететін нормативтік құқықтық актілердегі олқылықтар мен қайшылықтарды зерделеу нәтижесінде 60-қа жуық ұсыныс әзірленіп, олар тиісті мемлекеттік органдарға жіберілді.

Жалпы, бюрократиялық кедергілерді талдау және мониторингтеу нәтижесінде Агенттік Президент Әкімшілігі мен Үкімет аппаратына 715 ұсыныс енгізді. Бүгінде 100-ден аса ұсыныс мемлекеттік органдар тарапынан орындалды. Қалғанын заңнамалық өзгерістерді енгізу арқылы орындау көзделуде.

Қазір энергетика, су ресурстары және ирригация министрліктерінде, сондай-ақ Төтенше жағдайлар министрлігінде бюрократиядан арылту бойынша талдау жүргізілуде.

Агенттік бастамасымен «Е-лицензиялау» аппараттық жүйесіне қол жеткізу арқылы азаматтардың құқықтарының бұзылуын анықтауға және тиісті шағымдарды күтпей-ақ олардың құқықтарын қалпына келтіруге бағытталған қашықтықтан мониторинг жүргізу жана тәсілі тәжірибеге енгізілді.

Осылайша, биыл осы аппараттық жүйеде жүргізілген қашықтықтан мониторинг нәтижесінде 15 мыңнан астам бұзушылық анықталып, көрсетілетін қызметті берушінің 180 қызметкері әкімшілік және 161 тәртіптік жауапкершілікке тартылды, 536 қызмет алушының құқықтары қалпына келтірілді.

Статистикаға сәйкес, 2024 жылдың 9 айында мемлекеттік қызмет көрсету кезінде 85 мыңнан астам бұзушылық анықталды, оның 82%-ы жергілікті атқарушы органдарға, 18%-ы орталық мемлекеттік органдар мен олардың аумақтық бөлімшелеріне тиесілі.

Отырыс барысында жер қатынастары саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге қатысты мәселелер талқыланды.

Консультативтік-сараптамалық топ отырысының қорытындысы бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдарға мемлекеттік аппарат қызметін бюрократиядан арылту және мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру жұмыстарын жалғастыру ұсынылды.

ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТЫН АРТТЫРДЫ

«АМАНАТ» партиясының «Қарызсыз қоғам» жобасы бойынша тегін оқыту курстары Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданының Қандыағаш, Ембі, Жем қалалары мен Аққөмер, Сағашилі ауылдық округтерінде өтті. Барлығы 14 аптаның қорытындысы бойынша курсты 758 адам тәмамдаған.

Курсқа қатысушылар шот бұғатталуы, қарызды қайта құрылымдау, соттан тыс банкроттық рәсімдеу, коллекторлармен жұмыс, бизнес жоспар жазу, келісімшарт қарау секілді 20 бағытта көмек алды. Қаржы сарапшысы Айгүл Сексенованың айтуынша, несиемен төлей алмай отырған азаматтарға да қолдау көрсетіледі.

— Ауыл тұрғындары қаражатын дұрыс жоспарлауды, отбасы бюджетін қалыптастыруды, несие алу мен қайтару ережелері бойынша білім алады. Қазіргі экономикалық жағдайға байланысты кейде несие төлеу қиынға соғуы мүмкін. Біз несие төлеу мерзімін калай ұзартуға болатыны туралы пайдалы ақпараттар ұсынамыз. Сондай-ақ ауылдарда қайтарымсыз грант алғысы келетіндер мен «Ауыл аманаты» жобасына қатысқысы келетін тұрғындар саны көп. Олардың өз қаржысын сауатты басқарып, бизнес-жоспарларын тиінақты жасауына қол ұшын береміз, — деді ол.

Курсқа қатысқан Алтыншаш Аханова қаржылай сауаттылықтың дағдыларын үйренуге мүмкіндік берген «АМАНАТ» партиясына ризашылығын білдірді. Ол жақсы табыс табатын адамдардың кейбірі қаражатын дұрыс жұмсамайтынын айтты.

— Қомақты табыс табатын азаматтардың кейбірі қаражатын дұрыс жұмсамайды. Осы ретте мен тегін оқыту курсынан қаржыны инвестициялаудың жол-



дарын үйрендім. Мәселен, артық қаражатқа пәтер алудың тиімді жолдарын үйрендім. Курста халық үшін осындай пайдалы ақпараттар берілді, — деді ол.

«Қарызсыз қоғам» жобасының мақсаты — азаматтарға қаржылық және құқықтық көмек көрсету, халықтың қаржылық сауатын арттыру, азаматтардың банктік несиелері мен шағын несиегері бойынша проблемалық қарыздарын шешуге көмектесу. Бұл жобаға жасы 18-ден асқан, несие бойынша берешегі бар және борышкерлер тізімінде тұрған өңір тұрғындары қатыса алады.

ҚҰРЫЛЫС БАРЫСЫ — ПАРТИЯ БАҚЫЛАУЫНДА

«АМАНАТ» партиясы Жамбыл облыстық филиалы жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңес пен Партиялық бақылау комиссиясының мүшелері Тараз қаласындағы бірқатар құрылыс нысанымен танысты.



Комиссия мүшелері алдымен «Ұлы дала» мөлтек ауданындағы 1 200 орындық мектеп құрылысына зерделеу жұмыстарын жүргізді. Бүгінде білім нысанының 92 пайызы аяқталған. Қазір тек абаттандыру және сыртқы өрлеу жұмыстары жүргізілуде. Нысан құрылысы алдағы бір ай көлемінде толығымен аяқталады. Айта кетерлігі, техникалар мен жиһаздар да толық келген. Комиссия мүшелері құрылыстың аяқталып қалғанын назарға ала отырып, қалалық білім бөлімі қызметкерлерінің нысан басында жоқ екенін қатаң сынға алды. Ол бойынша комиссия ұсыныс беретін болады.

Келесі кезекте комиссия мүшелері «Бұрыл А,Б,В, Г» тұрғын алқабына асфальт жол төсеу жұмыстарын назарға алды. Биылдыққа аталған аумақтың 17 көшесіне асфальт төсеу жоспарланса, қазір 7 көше толығымен аяқталған. Ол жұмыстарды мердігер компания «Арайстроймаркет» ЖШС өз жауапкершілігіне алған. Бұрыл алқабындағы жалпы ұзындығы 33,7 шақырым болатын 75 көшені асфальттау жоспарда.

ӨЗЕКТІ

5 ҚАРАША 2024 | СЕЙСЕНБІ

(Басы 1-бетте)

Айхан ШӘРІП

КӨЛІГІНІҢ ІШІНЕ МҮҢ ТОЛТЫРҒАН ҚЫЗМЕТ

Жетесіздердің дәрігерлерге ғана емес, жедел жәрдем жүргізушілеріне жұдырық ала жүгіріп, төбелесіп-төмпештеу оқиғалары қоғамда резонанс тудырғаны мәлім. Осыған байланысты биыл жедел жәрдем қызметкерлерінің қауіпсіздігін арттыру мақсатында өңірлерде арнайы жұмыс жоспары әзірленді. Мысалы, қоғамдық пікірде дүмпу туғызған оқиғалардың бірі болған Қарағанды облысында Қарағанды, Теміртау, Соран, Шахтинск, Абай, Балқаш қалалары мен аудандарына қатынайтын 80 жедел жәрдем машинасына салонын және айналасын түсіріп тұратын бейнекамералар орнатылды. Төрт камера жүргізушіге, алдыңғы әйнек пен көліктің артқы жағына және салонға бағытталған.

Бұл бейнебақылау жүйесі Жедел басқару орталығына, жедел жәрдем диспетчерлік қызметіне қосылды. Мұндай шара, әрине жедел медициналық көмек (әрі қарай — ЖМК) қызметкерлерінің қауіпсіздігін арттырады, оларға қауіп төнсе жедел әрекет етуге мүмкіндік береді.

Бірақ саладағы проблема тек қауіпсіздікпен шектелмейді. Жедел медициналық жәрдем өкілдері жалақының аздығына, көліктердің ескі-құсқылығына, жиі сынатынына, тіпті жанар-жағармайдың жетіспей қалатынына шағымданады. Мысалы, бұдан біраз бұрын Түркістан облысында болған оқиға салада қалыптасқан жағдайдан хабар береді. Жедел жәрдем автокөлігінің жүргізушісі Қызылбаевқа қатысты «қатаң сөгіс» түрінде тәртіптік жаза шарасы қолданылыпты. Бұл қызметте түрлі оқиға кездеседі: асыққан жүргізушілер жол жүрісі ережелерін бұзып жатады, қауырғашта кілт бұрылып аударылады, өзге көлікті соғып, жол апатына ұшырайды, тіпті адам қаққан жағдайлары болып тұрады.

Ал мына кісіге мұндай жаза «өз міндеттемелеріне салғырт қарап, жауапсыздық танытқаны үшін» жариялануы. Ол неден байқалған? Ибрагим есімді әріптесінің әңгімелеуінше, Қызылбаев 4 маусым күні таңғы жетіде ауысымына уақытылы келіп, машинаны қабылдап алды. Тексеруден кейін баққа ең құрығанда толтырыңқырап бензин құйып беруді сұрайды. Механик: «Кезекшілігіне жетеді!», — деп, өтінішін орындаудан бас тартқан. Жалпы, басшылар жедел жәрдем машиналарының жүргізушілеріне сенім білдірмей, күдікпей қарайтыны жасырын емес. «Олар қосымша табыс табу үшін жанар-жағармайды жолай бөгде біреуге құйып береді» деген сезікпен қазір ЖМК көліктерінің бактарына пломба қойып тастау тәжірибесі қолданылады.

Қызылбаев түн ауа, кезекшілігінен кері оралып келе жатқанда, стансаға жетпей, көлігі тоқтайды. Бензині тау-



сылып қалған. Жүргізуші таңғы үш жарымда дереу механикке хабарласып, одан келуін және пломбаны алып тастауын өтінеді. Сонда ол өз ақшасына бензин құйып, стансаға оралады. Жүргізушілерге пломбаны өз бетінше шешуге тыйым салынған! Механик келмеген соң амалсыз пломбаны өзі алып, сатып алған бензинін құйып, стансаға оралады.

Қара басын қорғаштаса керек, 5 маусымда механик жандармен жүргізушінің үстінен «докладной» жазады, оның бөгде жанар-жағармай стансасынан бензин алғанын, өз ісіне жауапсыз қарағанын мәлімдейді. Жүргізушінің дәйектемелерін де қоса келтіреді. Аға дәрігер соған сүйеніп, ЖМК стансасының басшылығына баянат жолдайды. Ол өз кезегінде істің байыбына тереңдемей, қатаң сөгіс береді, жүргізушінің сыйақысынан айырады. Демек, жауапкершілік танытып, қалтасынан шығын шығару орнына жүргізуші көлікті бос бағындағы бүтін пломбасымен бірге айдалаға тастап кетсе, жазаланбас па еді?!

Суасты иірімдеріндей көзден таса жүретін мұндай «хикаялар» жетерлік. Оның бәрі онсыз да ұнжырғасы түскен



ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ —

ЖАНҒА ДӘРМЕН

жедел медициналық көмек қызметкерлерінің жігерін жасытады, кәсібін тастап кетуіне итермелейді.

ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ КЕШІКТІ, ЕЛ ӨШІКТІ

Жедел жәрдем қызметінің қандай жағдайда екені былайғы жұртқа бәрібір, бұл олардың бас қатыратын шаруасы емес. Халық үшін маңыздысы — оның уақытында жетуі. Мысалы, Қостанай облысының Жігітқара ауданының тұрғыны Гүлжайна тосыннан қан қысымының қатты көтерілуіне байланысты жедел жәрдем шақырғанда. Онысы жедел жеткен, дәрі еккен. Сырқаттың шағымдануынша, жағдайының жақсаруын күтіп отырмай, басқа шақыртуға шұғыл аттанған. Ол кеткен соң науқастың денесінің бір жақ бөлігі сал болып қалыпты.

Қостанай облысының Денсаулық сақтау басқармасы фельдшердің сырқатқа тиісті көмек көрсеткенін және 15 минут бойы қан қысымын бақылағанын хабарлады. Бастапқы медициналық құжаттамаға сәйкес, тексеру барысында әйел басының ауыратынына шағымданған екен. Таңғы он бірден кете қайтара шақырту түсті. Сонда науқас орталық аудандық ауруханаға жатқызылыпты. Оның туысқандары қуынып жазған арызды қарау нәтижесінде сала шенеуніктері бірінші шақыртуға барған фельдшер К.А. «медициналық көмек көрсету алгоритмін сақтамады» деп таныды және оған қатысты тәртіптік жаза қолданы.

АДАМ ӨМІРІ ЖЕДЕЛДІЛІК САНАТЫНА ТӘУЕЛДІ

Денсаулық сақтау министрінің «Жедел медициналық жәрдем, оның ішінде медициналық авиацияны тарта отырып көрсету қағидаларына» сәйкес, жедел жәрдемнің келу уақыты жеделділік санатына байланысты. ЖМК диспетчерінің шақыртуды өңдеу уақыты 5 минутты құрайды, осы уақытта ол шақыртуды жеделділік санаты бойынша іріктейді.

Жеделділік санаты қалай анықталады? Тұрғын 103 нөміріне хабарласқанда диспетчер пациенттің өзінен, оның өкілінен не болғанын, науқастың жағдайын (анамнез), оның аты-жөнін, жасын, мекенжайын, телефонын сұрайды. Содан соң диспетчер жеделдік санатын өзі анықтап, барлық деректі жедел жәрдем бригадасына тапсырады.

Қағидаларға сәйкес, Қазақстанда жедел медициналық көмектің барлық шақыртуы 4 жеделділік санатына бөлінеді. 1-ші жеделділік санатындағы шақырту — өмірге тікелей қатер төндіретін пациенттің жай-күйі, ол шұғыл медициналық көмек көрсетуді талап етеді. Фельдшерлік және мамандандырылған

пациенттің өмірі мен денсаулығына тікелей және әлеуетті қауіп төндірмейтін жай-күйі. Бригада 60 минуттан кешікпей жетуі керек.

Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарованың дерегіне, жедел жәрдем стансалары шақырту қабылдағанда, пациенттің көбісін — үштен бір бөлігінен астамын «асықпайтын» санатқа жатқызып көрінеді. Салдарынан, көп науқасқа көмекті зарыға күтуге тура келеді.

Жедел медициналық көмектің барлық шақыртуы 4 жеделділік санатына бөлінеді. Санатына қарай ЖМК көлігі 10-нан 60 минут аралығында жетуге тиіс. Бұл ретте 60 минутқа дейін күтуді қарастыратын 4-ші жеделділік санатындағы шақыртулар жалпы санның 36,5%-ын құрайтынын атап өткен жөн! — делі министр Ақмарал Әлназарова.

Денсаулық сақтау статистикасына жүгінсек, 2024 жылдың 9 айында ЖМК бригадаларының елдегі орташа келу уақыты: 1-ші санат бойынша — 9 минутты, 2-ші санат бойынша — 12 минутты, 3-ші санат бойынша — 18 минутты, 4-ші санат бойынша — 23 минутты құрапты. Яғни, қағидаларда бекітілгеннен тез жетіп барады. Стансалар жоғарыға осындай ақпарат берген. Шынында, олардың көп кешігіп жететіні жасырын емес.

«103» пультіне келіп түскен барлық шақырту ақпараттық жүйелерде тіркеледі. Республика бойынша стансалардың шақыртуды басқарудың автоматтандырылған жүйесімен (АБЖ) жарактандырылу деңгейі 100%-ға жетті. Еліміздегі ЖМК бригадасының пациенттерге дейін келу уақытының қолданыстағы нормативі халықаралық тәжірибеге сәйкес келеді және оны ұстану орынды деп санаймыз, — деген А.Әлназарова қоғам өкілдерінің және депутаттардың жедел жәрдемнің пациентке жететін уақытын қайта қарау ұсынысын қабылдамады.

Бір қарағанда, ресми статистика бойынша жедел жәрдемнің сырқатқа кешігіп жеткен оқиғалардың үлесі жалпы

министр Ақмарал Әлназароваға жүктеуі салуға болмас. Бұл жерде проблеманың кешенді екені байқалады. Мысалы, Денсаулық сақтау министрлігі жедел жәрдем қызметінің бригадалары санын арттыруға, көліктерін тегіс жанартуға қажетті қаражатты сұрайды. Үкіметтің қаржы мен бюджетке жауапты қанаты, Республикалық бюджеттік комиссия оны құптамайды, бюджетте оған қаражат жоқ дейді.

Сонымен бірге Астананың тек кейбір ауданын қосатын, айналдырылған 22 шақырымдық LRT құрылысына 2023 жылы — 52,4 миллиард, 2024 жылы — 150 миллиард теңгеге дейін қаржы бөлені! Бұл қаржы елдегі жедел жәрдемнің автопаркін жаппай жанартуға жетер еді. Жедел медициналық көмек қызметіне Газель Next, Соболь 4WD, Lada Largus, Mercedes-Benz Sprinter, Volkswagen Crafter және басқа да машиналар пайдаланылады.

Олардың орташа құны 10-29 миллион теңге аралығында. Ендеше елордалық ЛРТ-ға екі жылда ғана шығындалған қаражатқа ЖМК қызметі үшін 7 мыңға

жуық жаңа көлік алуға болатын еді. Еске сала кетсек, қазір ресми мәлімет бойынша Қазақстанда 1 920 жедел жәрдем көлігі ғана жүр. Одан 3,6 есе көп жаңа автомобиль сатып әперуге болады. Жете қаржыландырылмаған соң, облыс әкімдері жыл сайын жергілікті ЖМК стансасына 60-80 көлік сыйлағанын жыр етіп, тұтас салтанатты рәсім өткізеді. Мұнша машина қай жыртығын жамауға жетеді?

Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова республикамызда халық санының өсуіне орай жедел медициналық жәрдем бригадалары тапшы екенін мәлімдеді. Бүгінде қосымша 379 жаңа ЖМК бригадасын құру қажет. Министрлік оны құруға дайын, бірақ бюджеттен қаржы бөлінбей тұр. Ведомство басшысы жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, санитариялық автокөлікпен қамтамасыз ету, 4-жеделділік санатындағы шақыртуларды ұйымдастыру және басқа да өзекті мәселелерді пысықтап жатқанын жеткізді. Пысықтауын ұшысырт, оның шешімін іске асыру үшін ақша қана?

Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, қазір елдің ЖМК қызметінде жалпы саны 2 359 санитариялық автокөлік бар. Оның 1 472-сі — қалада, 887-сі ғана — ауылдық елді мекендерде. Алайда осы 2,3 мыңның ішінде жүріп тұрғаны — 1 920 көлік қана!

«2024 жылдың 9 айында санитариялық автокөліктің тозуы 58,7%-ға жетті немесе 1 385 көлігінің тозығы жеткен. Бұл былтырғы жылмен салыстырғанда 18%-ға артық. 2023 жылдың 9 айында 40,7% болған еді. 2024-2028 жылдарға арналған ЖМК автопаркін жаңарту қажеттілігі — 2 264 бірлікті құрайды. Алайда биыл 22 бірлік санитариялық автокөлік алынды: Абай облысында — 4, Түркістан облысына — 13, Маңғыстау облысында — 5-еу. Жыл соңына дейін 108 көлікті сатып алу аяқталды: Алматыда — 48, Астанада — 35, Ақмола облысында — 25», — делі министр.

Бұл тым аз. Тығырықтан шығу үшін ведомство меншік нысанына қарамастан МСАК ұйымдарын, соның ішінде жеке клиникаларды жұмыс уақытында 25 мың тұрғынға 1 мобильді бригадасын бөліп, 4-жеделділік санатындағы шақыртуларға қызмет көрсетуге міндеттемек. Бұл үшін олар да мобильді бригадаларын құруы керек. Қолданыстағы қағидала — 35 мың тұрғынға 1 бригада делінген. Бұйрық әзірге қабылданған жоқ: жобасы келісім рәсімдерінен өтіп жатыр.

Бүгінде жедел жәрдем қызметі операторының, фельдшерінің жалақысы 150-300 мың теңге аралығында, алатыны одан аз. Қазақстанда ЖМК қызметінің 20 дербес стансасында, 98 қалалық қосалқы стансасында және 232 аудандық бөлімшесінде 1 486 көшпелі бригада ғана жұмыс істейді. Мысалы, 6,2 мыңнан астам ауылға 582 бригада қызмет көрсетеді. Быылғы 9 айда ЖМК бригадалары 6,3 миллион шақыртуға жанталаса аттанған. Елде дәл осындай ғаламат жүктемені енсеретін басқа қызметті табу қиын. Олай болса, мемлекет тарапынан да, қоғам тарапынан да жедел жәрдем қызметіне лайықты құрмет, қолдау көрсетіле жөн.

Қазір елдің ЖМК қызметінде жалпы саны 2 359 санитариялық автокөлік бар. Оның 1 472-сі — қалада, 887-сі ғана — ауылдық елді мекендерде. Алайда осы 2,3 мыңның ішінде жүріп тұрғаны — 1 920 көлік қана!

дәрігерлік бригадалардың ЖМК диспетчерінен шақыртуды қабылдаған сәттен бастап, пациенттің тұрған жеріне дейін жету уақыты — 10 минуттан аспауға тиіс.

2-ші санат — медициналық көмек көрсетпесе, адам өміріне әлеуетті қауіп төндіретін пациенттің жай-күйі. Жету уақыты — 15 минутқа дейін. 3-ші санат — медициналық көмек көрсетпесе, адамның денсаулығына әлеуетті қауіп төндіретін пациенттің жай-күйі. Жету уақыты — 30 минутқа дейін. 4-ші жеделділік санаты — жіті аурудан немесе созылмалы ауруының асқынуынан туындаған, ағзалар мен жүйелердің кенеттен болған және айқын көрінетін бұзылуларының,

көлемнің 4,5%-ын ғана құрайды. Алайда санға шаққанда, былғы жыл басынан бері 288 716 шақыртуға бригадалар кешігіп барған. Бұл жүздеген мың санның әрқайсысының артында адам тағдыры тұр. Кешігу кесірінен қазақ елінің қанша азаматынан айырылып қалғаны туралы статистика жарияланбады.

ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ БЕКЕР ШЫҢҒЫРМАЙДЫ

Жедел жәрдем машиналары қасақана, ерікпеннен кешікпесе керек. Кешігу үшін барлық айыпты жедел жәрдем жүргізушісіне, бригадасына немесе

ДАМУ

5 ҚАРАША 2024 | СЕЙСЕНБІ

Абай облысының 9 ай қорытындысы бойынша әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің есуі байқалады. Өңірдің қысқа мерзімді экономикалық индикаторы – 105,3%. Үлкен өсім құрылыс саласында – 131,6%, өнеркәсіпте – 102,6%, ішкі саудада – 110,5%, ауыл шаруашылығында – 106,4%, инвестицияларда 100,5% тіркелген. Бұл туралы Астанадағы Орталық коммуникациялар қызметінің алаңында аймақ басшысы Нұрлан Ұранхаев айтты. Ол сондай-ақ өңірдің инфрақұрылымын, әлеуметтік институттарын дамытуға, экономикалық өсімін қолдауға бағытталған стратегиялық жоспарымен таныстырды.



Абай облысының әкімі Нұрлан Ұранхаевтың айтуынша, орташа айлық жалақы 2-тоқсан қорытындысы бойынша 12,3%-ға өсіп, 340 мың теңгені құрады. 1 қазандағы жағдай бойынша мемлекеттік бюджетке 294,9 млрд теңге салық пен басқа да міндетті төлемдер түсті. Республикалық бюджетке – 197 млрд, жергілікті бюджетке 97,8 млрд теңге түсті. Осу қарқыны 126,5%-ды құрайды.

«Биыл облыс бюджетінің көлемі 480,8 млрд теңгені құрады. Мемлекеттік кірістер – 135,5 млрд теңге. Бұл 2023 жылмен салыстырғанда 120%-ға артық. 25 жыл ішінде өңірдің инфрақұрылымы тұралап қалғанын білесіздер. Тозған дүниені әлі жаңартумен келеміз. Жалпы, 2023 жылмен салыстырғанда салалар бойынша қаржыландыру қарқыны сақталуда. Әлеуметтік қорғау саласын қаржыландыру – 32,2%-ға, денсаулық сақтау – 19,9%-ға, білім беру 15,6%-ға ұлғайды. Облыс орталығы – Семей қаласының бюджеті 114,7 млрд теңге. Бұл көрсеткіш 2023 жылмен салыстырғанда 7,7%-ға артық», – деді Нұрлан Ұранхаев.

Тұрғын үй-коммуналы шаруашылық саласын қаржыландыру көлемі 7,6%-ға,

желісін орнату үшін заманауи қатты тұрмыстық қалдықтар полигонын салу көзделген. Бүгінде инвесторлар есебінен жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, мемлекеттік сараптама алынды.

Көлік инфрақұрылымы саласында Семейде төрт жолақты жаңа көпір салу жобасы іске асуда. 2022 жылдан бері республикалық бюджеттен 15,7 млрд теңге бөлінді. 2025 жылғы бюджет жобасында тағы 8,5 млрд теңге қарастырылған. Абай өңірінде инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға ерекше назар аударылып отыр. Мәселен, аспалы көпірдің жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленуде. Мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысынан кейін республика бюджетіне тиісті өтінім беріледі. Көлік дәлізін кеңейту үшін 2024-2025 жылдары, ұзындығы 270 шақырым болатын «Бакты-Аягөз» теміржол құрылысы жоспарланған. Техникалық-экономикалық негіздеме сараптамасының оң қорытындысы алынды.

Абай өңірінің басшысы Нұрлан Ұранхаев ОКҚ алаңында әкімдіктің қаулысымен темір жол құрылысына қажетті мемлекеттік жерлер резервке алынып, теміржол желісін салуға қажетті жеке жер учаскелерін сату мен қайта ресімдеуге мораторий қойылғанын хабарлады. Оның айтуынша, жобаны іске асыру Қытаймен екі жақты тасымал көлемін жылына 20 млн тоннаға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

ӘЛЕУМЕТТІК ӘЛ-АУҚАТЫ АРТТЫ

Облыста тұрғын үй кезегінде 20 мыңға жуық адам тұр. Оның ішінде көпбалалы отбасылар – 2 784 адам. Жалпы ауданы

АЙМАҚТЫҢ ДАМУ ЖОЛЫ АЙҚЫН

жатқанын айтты. Биыл республикалық және облыстық бюджеттен 9,2 млрд теңге бөлініп, 27,5 шақырым жылу желісі мен 17 жылу көзі жөнделді. Нәтижесінде, жылу желілерінің тозу көрсеткіші 64%-дан 59%-ға дейін төмендеді. Келер жылғы жұмыстар нәтижесінде бұл көрсеткішті 57%-ға дейін азайту көзделуде. Бұдан бөлек, былтырдан бері, жеке инвесторлар есебінен 7 жылу көзі мен 3 жылу желісін қайта құру мен салуға жобалық-сметалық құжаттар әзірленуде. Биыл осы үрліс жалғасып, бюджеттен тыс қаржы есебінен 32 жобалық-сметалық құжаттама әзірленуде. Осылайша, жалпы жиыны 42 жобаны іске асыру көзделген.

246,9 мың шаршы метр болатын 39 көп-пәтерлі және жеке тұрғын үйлер құрылысы жүргізіліп, 2 100 отбасын үймен қамту көзделіп отыр. Алдағы үш жылда тағы 148 көпқабатты тұрғын үй салу жоспарланған. Бұл, өз кезегінде 7 мыңдай отбасын баспанамен қамтуға мүмкіндік береді.

«Сондай-ақ «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 2 700 орындық 4 мектептің құрылысы жүргізілуде. Жыл соңына дейін 3 мектепті пайдалануға беру жоспарлануда. 2025 жылы Аягөзде 600 орындық мектеп пайдалануға беріледі. Былтыр облыс орталығында KAZ Minerals есебінен 1 200 орындық мектеп құрылысы туралы айтқан болатынмын. Биыл мектеп пайдалануға берілді. IT-бағытында оқушыларға заманауи білім беру көзделіп отыр. Мұнымен қоса, жұмыс істеп тұрған мектептерге 2 200 орындық 6 қосымша құрылыс және 510 орындық 6 шағын жинақталған мектеп салуға жобалық-сметалық құжаттама әзірленді», – деді облыс әкімі.

Өңірде көпфункционалды оқушылар сарайы салынып жатыр. Жоба келер жылы іске қосылады деп күтілуде. Бұл кешен балаларды қосымша біліммен қамтуды одан әрі арттыруға мол мүмкіндік береді.

облыс бойынша 65 алғашқы медициналық-санитарлық көмек нысанын салу жоспарланған. Жыл соңына дейін 64 нысанды іске қосу көзделіп отыр. Оның 8-і бүгінгі өзінде пайдалануға берілді», – деді Н. Ұранхаев.

Кешенді жоспарға сәйкес, сондай-ақ Семейде 100,4 млрд теңгеге 5 медициналық нысан салу жоспарланып отыр. Қазір инвестор есебінен жобалық-сметалық құжаттар әзірленуде. Былтыр Көкпекті ауылында гемодиализ орталығы ашылды. Биыл аталған орталықтар Ұржар мен Ақсуатта ашылды. Сол сияқты, биыл Жарма мен Мақаншы аудандарында компьютерлік томографтар қойылды. Семейдегі Жедел медициналық жәрдем ауруханасы жасанды қан айналым аппаратымен жабдықталды. Ол жүрек аурулары кезінде қан айналымын толық тоқтатып, жүрекке ашық ота жасауға мүмкіндік береді. Бүгінгі өзінде 78 ота сәтті жасалды. Сондай-ақ жұмсақ тіндердің ұзақ емделетін ақауларына арналған күрделі реконструкциялық пластикалық оталар жасау тәжірибесі қалыптасты. Шала туған және ауыр ауызу-энергетикалық жеткіліксіздігі бар балалар мамандандырылған емдік тамақтанумен қамтамасыз етілді. Жалпы, биыл денсаулық сақтау саласының материалдық-техникалық базасын нығайтуға 2,8 млрд теңге бағытталды.

Абай өңірінде жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саласындағы міндеттер орындалуда. Облыс бойынша экономикалық белсенді тұрғындар саны – 306 мың адам. Олардың жұмыспен қамтылу деңгейі – 95,3%. Екінші тоқсан қорытындысы бойынша жұмыссыздық деңгейі жалпы республикалық деңгеймен бірдей. Биыл 23 879 жұмыс орын құру жоспарлануда. 9 ай қорытындысы бойынша 19 810 жұмыс орны ашылды. Жоспар 83%-ға орындалып отыр.

Өңір басшысы Нұрлан Ұранхаевтың хабарлауынша, қосалқы шаруашылықты қолдау және дамыту үшін жыл соңына дейін 1,1 млрд теңгеге 211 жеңілдетілген несие беріледі. Жастарды жұмыспен қамту үшін «Алғашқы жұмыс орны», «Жастар тәжірибесі» жобалары іске асуда. Сонымен қатар жастардың жаңа бизнес-идеяларына мемлекеттік гранттар қарастырылған.

Шағын және орта бизнесті қолдау мақсатында «Даму» қоры арқылы 14,8 млрд теңгенің жобаларын субсидиялау бойынша 303 шартқа қол қойды.

«Азаматтардың өмір сапасын арттыру мақсатымен атаулы әлеуметтік көмек көрсетіледі. Дегенмен мемлекеттік қолдау шараларының арқасында 2022 жылмен салыстырғанда атаулы әлеуметтік көмек алушылар саны 37,4% төмендеген. Біз мүгедектігі бар адамдарды оналту және бейімдеу ісіне ерекше ден қойып отырмыз. Өкінішке қарай, облыста 24 446 мүгедек адам тұрады, оның 2 957-сі – балалар», – деді аймақ басшысы.

18 мемлекеттік әлеуметтік қорғау мекемесі жұмыс істейді. Президент тапсырмасымен ашылған заманауи орталық өзінің қажеттігін және тиімділігін дәлелдеді.

толғаннан кейін, яғни оң-солын таныған соң ғана пайдалануға болады. Барлығы ашық, жария түрде жүргізіледі», – деді облыс әкімі.

СЕМЕЙДЕ «КОНГРЕСС-ХОЛЛ» САЛЫНАДЫ

Семей қаласының сол жағалауында «Конгресс-холл» салынады. Қазір қажетті жер учаскелерін қайтару бойынша жұмыстар жүргізілуде. Облыста Ұлы Абай шығармашылығы мен өңірдің әдеби мұрасын насихаттау мақсатында «Абай жолы кітапханасы» атты бірегей жоба жүзеге асуда. Арнайы кітап сериясы осымен екінші жыл қатарынан шығарылып, қалың оқырманға жол тартып отыр. Өңір басшысы Нұрлан Телманұлы Абай облысы бай археологиялық олжаларымен де ерекшеленетініне тоқталып өтті.

Оның пайымдауынша, «Ұржар ханшайымы», Елеке Сазынан табылған «Алтын адам», Көкентау платосы мен басқа да артефактілер өткенге жауапкершілікпен қарап, кешенді зерттеу жұмыстарын жүргізуге міндеттейді.

«Біз Әлкей Марғұлан атындағы археология институты мен Шоқарім атындағы университетпен меморандум жасап, археологиялық және этнографиялық зерттеулер жүргізу жөнінде келісімге келдік. Мемлекет басшысының тапсырмасымен Креативті индустрия паркі құрылды. Оның басым бағыттары: кино және медиа, музыка және дыбыс, цифрлық өнер, сән және дизайн зертханалары, ашық коворкинг, инкубация кенесі және акселерациясы», – деді спикер.

Бүгінде өңірде 20 имидждік іс-шарасы өткізілді. «Дені сау ұлт» ұлттық жобасы аясында бұқаралық спортқа ерекше көңіл бөлінуде. Облыстың өзіндік спорттық дәстүрлері қалыптасқан. Кешегі өткен 13-ші «Қазақстан барысы» турнирінде жеңімпаз атанған балуан Ерасыл Қажыбаев – Абай облысынан шыққан бесінші барыс.

Облыс құрылған сәттен бастап 10 спорт нысаны ашылды. АЛАН жобасы аясында УЕФА қолдауымен Аягөз ауданының орталық стадионының футбол алаңын жаңарту жүргізілді. Жылдың соңына дейін демалушы есебінен Ұржар ауданында 5 спорт залы ашылады.

«3 жүзу бассейнінің, денешынықтыру-сауықтыру кешенінің, спорт модулінің, сондай-ақ спорттық-демалыс орталығы мен стадион құрылысы жүргізілуде. Облыс орталығында 12,5 мың орындық стадион құрылысы басталады. Нысанды іске қосу – 2026 жылдың 4-ші тоқсаны. Инвестор есебінен жана жабық толық өлшемді футбол манежінің құрылысы аяқталуда. Жобаға салынған инвестиция көлемі 1 млрд теңгеден асады. Манеж «Елімай» академиясының балаларына жыл бойы футболмен айналысуға мүмкіндік береді», – деді өңір басшысы.

Сондай-ақ «Самұрық-Қазына» қоры мен жергілікті бюджет есебінен инвестиция көлемі 2 млрд теңгеден асатын Семейге қарасты Ұшақтар кентінде денешынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысын бастау жоспарланып отыр.

Президент тапсырмасына сәйкес, Семей қаласын дамытудың бас жоспары әзірленіп, Үкімет қаулысымен, биыл 7 қазанда бекітілді. Бұл цифрлық форматтағы алғашқы бас жоспар. Биыл қаланы абаттандыру және күтіп ұстау, қалаландыру жұмысына 5,6 млрд теңге бөлінді. Биыл 67 аула мен 4 қоғамдық кеңістік жаңартылды. Медицина, құтқарушы сияқты сала маман-

Мемлекет басшысының тапсырмасымен облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының 2023-2027 жылдарға арналған Кешенді жоспары Үкіметтің қаулысымен бекітілген. Оның инвестиция көлемі – 1,9 трлн теңге, 102 іс-шараны қамтиды. Биыл 286,1 млрд теңгеге 74 іс-шараны іске асыру басталып, 7-і аяқталды. Құны – 4,9 млрд теңге.

әлеуметтік қорғау – 14,2%-ға, жол жөндеу 2,9%-ға ұлғайды. Мемлекет басшысының тапсырмасымен облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының 2023-2027 жылдарға арналған Кешенді жоспары Үкіметтің қаулысымен бекітілген. Оның инвестиция көлемі – 1,9 трлн теңге, 102 іс-шараны қамтиды. Биыл 286,1 млрд теңгеге 74 іс-шараны іске асыру басталып, 7-і аяқталды. Құны – 4,9 млрд теңге. Қалған жобалар, жоспарға сәйкес 2025-2027 жылдар аралығында іске асатын болады. 2028 жылға дейінгі инвестициялық жобалар пулы жасакталды. Оған 7 мың жұмыс орнын қамтитын 2 трлн теңгенің 23 жобасы енгізілді. Бүгінде 7,5 млрд теңгеге 6 инвестициялық жоба іске асып, 225 жұмыс орны ашылды. Жыл соңына дейін 1,6 млрд теңгеге тағы 2 жобаны енгізу жоспарлануда.

«Ірі инвестициялық жобалардың бірі – жалпы көлемі 560,5 млрд теңгені құрайтын «Айдарлы» мыс кен орнында тау-кен байыту комбинатын салу. Бұдан басқа, маусым айында Үкіметте 1,5 млрд долларға ірі мыс балқыту зауытын салуға келісімге қол қойылды. Жобалық қуаты – жылына 300 мың тонна мыс шығару. Бұл екі жоба әлемдегі ең ірі мыс кеніштерінің бірі және қазіргі заманғы мыс балқыту өндірісін біріктіретін кластер болады», – деді облыс әкімі.

Агроөнеркәсіптік кешенде 7,3 млрд теңгеге 17 инвестициялық жоба іске асты. Жыл аяғына дейін тағы 1 жоба іске қосылатын болады. Ауыл шаруашылық мақсатында пайдаланбаған жерлерді қайтару жалғасуда. Жалпы ауданы 644,1 мың гектар болатын 114 жер учаскесі анықталды. Оның 112,5 мың гектары қайтарылды. Биылға қойылған жоспар толық орындалды.

ӨНІРДЕ ӨНДІРІС ҚАРҚЫНЫ ҚАТТЫ

Абай өңірінде инфрақұрылымдық сипаттағы мәселелерді шешуге ерекше назар аударылады. Ең маңызды мәселе – жылумен жабдықтау. Өңір басшысы облыс бойынша 18,5 млрд теңгеге 28 жоба іске асырылып

Жалпы, инвесторлар көмегімен 77 жобаны іске асыру жоспарлануда.

«Семей қаласының оң жағалауында 146,99 Гкал жылу энергиясының тапшылығы бар. Бұл мәселені шешу үшін Президент тапсырмасымен жаңа жылу электр орталығын салу туралы тапсырма бар. Әкімдік, «Самұрық-Энерго» акционерлік қоғамы мен жобалаушыны қатыстыра отырып, жедел жұмыс тобын құрды. Құрылыс алаңы мен күл үйіндісін жинақтау орны анықталды. Қазір «Самұрық-Энерго» техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеуді аяқтауда. Сонымен қатар бюджеттен тыс қаржы есебінен барлық қажетті инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым мен «3-ші ЖЭО-ның» сыртқы инфрақұрылымын салу бойынша жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу жүргізілуде», – деді облыс әкімі.

Сондай-ақ «Самұрық-Энерго» АҚ қуаты 294 МВт «Семей ГЭС» құрылысының алдына ала техникалық-экономикалық негіздемесін және қуаты 1050 МВт-қа ұлғайта отырып, «Шулбі ГЭС-ін» қайта құрудың екінші кезегін әзірлеу бойынша жұмысты аяқтады. Биыл жылу тапшылығын азайтып, Қарағайлыдағы әлеуметтік нысандарды уақытты іске қосу үшін жеке инвестор есебінен қуаты 21,5 Гкал/сағ болатын блокты-модульді қазандық құрылысы аяқталды.

Абай өңірінде халықты сумен қамту бағытында 8,6 млрд теңгенің 53 жобасы іске асуда. Халықты 2025 жылға дейін орталықтандырылған сумен 100% қамтамасыз ету жөніндегі Президент тапсырмасына сәйкес 46 жана құрылыс жобасын іске асыру жоспарда бар.

«Биыл 33 жоба іске асырылуда, оның 8-і аяқталды. Нәтижесінде, облыста орталықтанған сумен қамту үлесі 92%-дан 96,6%-ға дейін ұлғайды. Келер жылы 100% көрсеткішке қол жеткізу үшін тағы 13 жоба іске асырылған болады», – деді Н. Ұранхаев.

Сонымен қатар Кешенді жоспарда 2023-2025 жылдары Семейде кокыс сұрыптау



Облыста IT саласы жақсы дамыған. Жергілікті оқушылар жыл сайын республика, халықаралық деңгейде үздіктер қатарынан табылып отырады. Сол себепті биыл өңірде IT және жана технологиялар жоғары колледжі ашылды. Ол заманауи базамен жабдықталған. IT бағыттар бойынша құзыреттік орталығы жұмыс істейді. Сол сияқты Семейде тұңғыш оқу орны – М. Әуезов атындағы педагогикалық колледж бар. Биыл білім шаңырағының 120 жылдық мерейтойы құрметіне «Қаражыра» акционерлік қоғамы есебінен 300 орындық «Ес-Аймақ» рухани-мәдени орталығы ашылды. Жалпы, білім беру саласында материалдық-техникалық базаны нығайтып, нысандарға жөндеу жүргізуге 3,4 млрд теңге бөлінді.

«3 мектепке күрделі жөндеу, 1 мектепке орташа жөндеу, 166 білім беру мекемесіне ағымдағы жөндеу жүргізілді. 49 жана модификацияланған кабинет пен балалар тасымалына арналған 3 микроавтобус пен 1 автобус алынды. «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасымен

Алдағы уақытта Семей мен Аягөзде балаларға арналған екі орталық ашу көзделген. Қазір жобалық-сметалық құжаттама әзірленуде. 18 жастан асқандарға да толыққанды көмек берілу керек. Сол себептен, Семейде 100 орындық психоневрологиялық орталық салу бойынша жоба әзірленді. Келесі мәселе – жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға көмек беру. 765 баланың 538-і қамқорлықта болса, 227-сі мекемелерде тәрбиеленуде.

«Негізгі мәселе – баспана. Бұл санат бойынша кезекте тұрғандар саны – 2 760 адам. Оның 1 778-і – Семейде. Облыс құрылған екі жыл ішінде 199 жетім бала пәтер алды. Осының бәрін ескере келе, былтырдан бастап, облысымызда «Мейірім» акциясын ұйымдастырдық. Мақсаты – жетім балаларға материалдық қолдау көрсету. Әр балаға «Отбасы банкі» жеке шот ашылды. Барлық бала ұйымдар мен кәсіпорындарға бекітіліп, қамқорлыққа алынды. Оның сыртында, әр ниет білдіруші атаулы шотқа қаржы аударалады. Бір ғана шарт – жиналған қаржыны 21 жасқа

дарына арналған скверлер ашылды. Мәңгілік ел көшесіндегі Арбат, Бауыржан Момышұлы мен Әсет Найманбаев көшелеріндегі Тарихи киелі абақтандалды. Мұхтар Әуезов алаңы жөндеуден өтіп, жана кейіпке енді. Облыс құрылған сәттен бастап 105 көпөтерлі тұрғын үйдің қасбеттеріне жөндеу жұмыстары жүргізілді. Облыс әкімдігі елді мекендерді қалаландырудың өңірлік жоспарын бекітті, оның шеңберінде биыл 53 мыңнан астам көшет отырғызылды.

«Семейдің өзін тән ерекшеліктері болған. Ол барша жерлестеріміздің жалында сақтаулы. Естеріңізде болса, былтыр аралдағы балалар теміржолын қайта жаңғырттымыз дедім. Темір жол құрылысы аяқталды. Вагондар мен локомотив алынды. Жоба іске қосылуға дайын. Сол сияқты аспалы көпір манындағы Ақвапарк те семейліктердің сүйікті демалыс орыны болған. Оны да жеке инвестор есебінен жаңартқымыз келеді», – деді Н. Ұранхаев.

Дайындаған Асыл ТҰМАР

РУХАНИЯТ

5 ҚАРАША 2024 | СЕЙСЕНБІ

Мен өзім Жұмабек атты азаматпен жалынды жастық шақтың өмір-ғұмырдың естен кетпес сонау бір тамаша кезеңінде таныстым. Содан бергі өмір-тіршіліктің қилы кезеңінде кейде жақыннан араласып, кейде алыстан хабарласып, қарым-қатынасымыз үзілмегенмен, біздің достық қарым-қатынас та өте жақын жүрген кезіміз де Жұмабектей арыс азаматтың адамдық асыл қасиеттерін тап басып тани алған сәттерімізде Абай айтқан «Жас уақытта өмір гүл» дейтін жұп жазбай бірге жүрген жастық шақтық тұс. Бұл күнде сағынышты сағым жылдарға айналған сол күндердің Шәкәрімше толғаған да «Жастық өмір қызық оны біл» деп, «Алдамшы үміт ұтқан» дейтін арман алға телеген, үміт биікке ұмтылдыңар, қуаныш пен қызыққа толы сол жылдардың қызылды-жасылды көріністері мен кейбір көңілге сәл-пәл қалау салған сәттері әсте естен шығар ма?! Еске алсаң болды, көз алдына жанды сурет болып тартыла қалады. Мен Жұмабек дос туралы естелігімді оның азамат болып қалыптасуының жастық шақ атты алғы өмір кезеңінен бастасам ба деп отырмын.

Біз Жұмабекпен 1975 жылы жоғары оқу орнына қатар оқуға түстік. Ол жылдары жиырманың үстіндегі жап-жас Жұмабек жалындап жанып тұрған, тұр-тұлғасы, жүріс-тұрысы жігіттің сұлтанына сай жас жігіт болатын. Мені көрдейтіндей келбеті келісті осы бір жас азаматты алғаш көргеннен-ақ қатар оқыған қыз-жігіттер бір ауыздан Сәкен Сейфуллинге теңеп кеткен едік. Жұмабек көрікті сымбат-бітіміне сай серілік мінезі танылып, өнерпаздығы белгі беріп тұратын жігіт еді. Сондықтан да «сегіз қырлы, бір сырлы» деген қанатты сөз дәл соған арналғандай боп көрінетін. Сырт мінез келбеті мен ішкі жандүниесі жарасқан азаматтың адами болмысы қандай еді десеңізші! Адамға болсын дейтін адал ниет пен адамгершілік пейіл оның әрбір ісінен мен мұдалап, көзге ұрып тұратын.

Мен өз өмірімде қатар жүрген азаматтардың ішінен Жұмабектей еңбеккер, ісіне тиянақты да тындырымды, ойға алып, бастаған әрбір жоспарлы ісін жеріне жеткізе жүзеге асыруға жан салатын іскер адамды көрген емеспін.

Ол кездегі біздің түскен оқуымыз ҚазМУ-дың өзі емес, оның ел арасында «Рабфак» аталып кеткен дайындық бөлімі еді. Кеңес дәуірінің алғашқы кезеңінде Сәбдендер де (Сәбит Мұқанов) сондай «Рабфакта» оқыған ғой, соған сай біз де ҚазМУ-дың дайындық бөлімін солай атап кеткенбіз. Осы «Рабфак» білім алуға құштар жастарға Кеңестік кезеңнің үлкен бір пайдасы бастамасы болды. Дайындық бөлімінен талай талантты да дарынды қыз-жігіттер тәрбиеленіп шығып, өзі таңдаған мамандықтарына жолдана алып, кейіннен білім мен біліктілігін таныта біліп, елге қызмет еткен, еңбегін ел бағалаған азаматтық тұлғаға айналды. Соның бірі де бірегей мен білетін осы Жұмабек Кенжалин болатын.

Міне, біз осы қасиетті қарашаңырақтың табылдырығын аттаған алғашқы күні танысып, бірден жақын жолдас болып кеттік. Сол бір күндерден бастап Жұмабектің білімге құштар, еңбеккер, ізденімпаздығын жас болса да бас болуға жарарлық азамат-тұлғалық белгі-бедерін, қандай бір іс-шараны болмасын ұйымдастырудағы іскер-жетекшілік қасиеттерін, туа бітті бойда бар көшбасшылыққа тән толымды адамдық болмысын тани алдық деп айтуға болады.

Меніңше, артық айтсам кешірсіздер, Абай айтқан, бәріміз жатқа білетін «толық адамға» яғни кемел адамға тән қасиеттердің Жұмабек бойында толысып келе жатқанын біз сол кезде-ақ сезінетінбіз. Бойында бар осынау қасиеттерді ол кейінгі өмір жолында біз сияқты айналсаңыздар дос-жарандарына ғана емес, елін сүйген азамат ретінде ел-жұртқа түгел танытып кетті десек, артық айтқандық емес. Міне, осы тұрғыдан келгенде, Жұмабек — бүкіл адамдық қасиет-қалірі толық қалыптасқан, өмірге адам болып келіп, өмірден алда болып өткен үлкен жүректі азамат. Ол өз өмір жолында бүкіл жандүниесімен біте қайнаскан рухани қозғаушы күштер күдіретін мүмкіндігінше пайдалануға тырысты және толығынан пайдаланды да! Сөйтіп, азаматтық парызын адал атқаруының нәтижесінде адам деген ардақты атқа кір келтірмей өтті бұл пәни жалғаннан. Ол адам болам дейтін пенденің алдына Абай міндет еткен: «Алланы, адамзатты, әділетті сүй» сынды үш сүюді өзінің өмірлік ұстанымына, өмір сүрудің бұлжымас қағидатына айналдыра білді.

Осы тұста Жұмабектік болмысқа тән екі-үш қасиетті айта кетейін. Ол қасиеттерді сол студенттік кезден қасында жүріп, тонның ішкі бауындай араласқан адамдар жақсы біледі. Жұмабек ойына алып, бастаған қайбір ісі болмасын, қаншалықты қиын болса да жүзеге асырмайтынбайтын азамат болатын.

Жоғарыда айттым ғой, ҚазМУ-дағы өміріміз «дайындық курсынан» басталды деп. Сол дайындыққа оқып жүрген кезде, ардақ тұтатын асыл ұстазымыз Алма Қыраубаева бізге апта сайын шығарма жазғызатын еді. Шығарманы көбіне еркін тақырыпқа жазатынбыз. Міне, осы шығарма жазған кезде біздің ішіміздегі үнемі «бес те бес» алатын осы Жұмабек болатын. Барлығы болмаса да, жазуға бейім бар, жазғыштау үш-төрт қыз-жігіт болдық. Біздер де, әрине жаман жазбайтынбыз. Бірақ үнемі «бестік» емес, әркезде әртүрлі бағаға ие болып жататын едік. Ал Жұмабектің үнемі «бес» алуы өзгелерден асып кеткен аса бір білімдарлық кереметігінен емес немесе әлгі жазғыш жігіттердің білім таяздығынан емес, бұл әрбір іске жауапкершілікпен қарайтын, ұстаз сенімінен шыға алмай қалуды өзіне ар

Жұмабек Кенжалин! Осы бір тылсым сырлы, жұмбақ жарасым тапқан есім тек бүгінде көзі ашық, көкірегі ояу әрбір қазаққа таныс десек, өтірік емес-ау. Ол — белгілі қаламгер, көрнекті көсемсөзші, қазақ басылымдарын биікке көтерген бас редактор, қазақ баспасөзінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан көшбасшы, ұлағаты жастарға өнеге, үлгілі ұстаз, білімі ілімге айналған білікті ғалым, жаңа замандағы тәуелсіздіктің ту ұстарына айналған мемлекет және қоғам қайраткері.

ӘДІЛЕТТІ АРДАҚ ТҰТҚАН ТҰЛҒА



санайтын азаматтың, атқарар міндетіне деген серттілік мінезін танытатын. Бұлай қарағанда, осы бір майда-шүйелдеу көрінетін іске қашанда уақыт тауып, тыңғылықты дайындалып, аса бір тиянақтылықпен орындауға деген ұмтылысы жоғарыдағы біз айтқан оның қолға алған ісін үлкен-кіші деп бөліп-жармайтын, мүмкіндігіннен төмен нәтиже көрсеткенді өзіне ар санайтын қасиеті мен ар-ұятты зор тұтқан азаматтығының айқын белгісі болса керек-ті.

Екінші бір айтайын дегенім, Жұмабектің жас кезіндегі өнерпаздық жайынан хабарым барлығымен куәгерлігім еді. «Дайындыққа» түскеннен кейін бір-бірімізбен танысып, араласа-құраласа бастадық, кішігірім отырыстарымыз да болып қалады. Сонда бір байқағаным бізде өнерлі қыз-жігіттер жетерлік екен. Сондай кештерден өзімше бір ой түйдім де, ауылға жүріп кеттім. Біздің ауыл жақын, «ерте шықсаң, кешке жетіп

бат, әй, бола қойған жоқ-ау. Екеуінің қыз-жігіт болып жүру сәттері, жазыққан хаттарындағы өзгелерге айтуға болатын жылы сезімнің тасқа басқан маржандай сұлу суреттері, кейінгіге үлгі-өнегі боларлық тазалық пен адалдықтан жаралған пәк сезімі, кейде бір-бірімен кездесуге уақыт болмай қалған сәттерде, табиғаттың керемет бір еріксіз елітетін күн батардағы кешкі тұстарда «бес» пен «сегіздің» (Студенттер үйі) карама-қарсы балкониан алыстан болса да, бір-біріне қарап тұрып, үнсіз сырласуы, қоғтасар сәттегі қиналыстары екі факультет жастарының қызына да тамасана әңгімелейтін тәтті тақырыптарына айналған-ды. Екі факультеттің қыз-жігіттері олардың махаббаттарына қызыға қарап, басқа-басқа жігіттің маркаскасы Жұмабек пен оқыған қыздың озығы ару Әліманың отауласуын тілеген тілектері бір жерден шығып жатушы еді. Олардың жандүниесіндегі сағыныш та, бір-біріне деген адалдық та көрі-



баратын» жерде. Ондағы ойым — үйдегі домбырамды алып келу. Бірге оқитын, бір бөлмеде бірге тұратын тарихшы жігіт бар еді, Молот деген аты да қызық, өзі де қызық. Керемет әнші, домбырашы екен. Соны білгеннен кейін елге ерте шығып кетіп, 8 сағат ары, 8 сағат бері жүріп, үйден домбырамды алып келдім. Содан біздің бөлме думанды ортаға айналды да кетті. Сонда оған шейін домбыра тарта алмайтын Жұмабек әлгі Молотқа қайта-қайта келіп жүріп, домбыраны тез үйреніп алды. Домбыраны кім үйренбейді, сол Молоттан бірнеше жігіт домбыра үйренді. Олар әуесқой күйде қалды да, Жұмабек сол жана үйренген өнерін әрі қарай дамытып, кәсіби деңгейге көтеріп алып кетті. Керемет домбырашы, күйші болып қана қоймай, ән шығарумен әуестеніп, әдемі әндер шығарды. Жұмабектің сөзін де өзі жазған «Ақ-Айнұрым» атты әні сол жылдары «Рабфакта» оқыған қыз-жігіттердің гимніне айналды десек, ол — өмір шындығы. Бұл не? Бұл — біз жоғарыда айтқан өз ісіне берілгендік, бастаған істі аяқсыз қалдырмайтын, ойға алғанның жүзеге асырмайтын тынбайтын алғырлық қасиет белгісі. Ойда жоқта кенеттен домбыраға беріліп, тез үйреніп алып, жай ғана домбырашы болып жүре бермей, сазгер атанып, бірнеше ән шығарғанына мен қатты таң қалдым. Мұндай қасиет кез келген адамға беріле бермейді-ау. Әй, қайдам, айналасы бір айдың ішінде музыкалық қабілетін сондай биікке көтеріп, тәп-тәуір сазгерге айналу, меніңше екінің бірінің қолынан келмейтін шаруа.

Ал Жұмабек «Ақ-Айнұрым» әнін арнаған Әліма ару екеуі «покурстан-ақ» бір-біріне ғашық болып, екінші курста отау көтерді. Фильмдегі пен Журфак жастарының арасында бұлардың махаббатындай аңызға айналған мөлдір махаб-

Адалдық пен әділдік ұғымдарын жанына жақын тұтқан Жұмабектің өз өмір жолында әділетсіздікке кезіккен кезі аз болған жоқ, бірақ болмысындағы парасаттылық пен бойындағы қайрат-жігер сондай сәттерде оны мойытуға жол бере қойған жоқ.

ніс табатын әсерлі сәттер сыры бүгінде курстастар кездесе қалағанда, әлі де әңгімеге өзек болып жатады.

Бірінші курс аяқталған соң, Жұмабек Нарынкол ауданында студенттік құрылыс отрядында болды. Ертеңге күнге керекті қаржы жағын сәл-пәл тиянақтаған соң, сол жылы отбасын құрды. Екі факультеттің бір-бірі «Рабфактан» білетін қыз жігіттері факультет аралық, Студенттер үйі аралық құдалық, күйеу келтіру, қыз ұзату сынды ата салт-дәстүрлерді өзімізше жаңаландырып, өзін-қалжын, ән-күймен сабақтастырып, Жұмабек пен Әліманы бақыт жолына шығарып салдық. Бұл іс-шараларды ұйымдастыруға басшылық жасаған Жүйе жігіт Жұмабек жақтан кейін облыс әкімі орынбасары денгейіне көтерілген, белгілі журналист Мейрамбек Төлепбергелен, ұзатылар ару Әліма жақтан мен болдым. Олар бақытты отбасына айналды. Екі үл өсірді, келіндер түсірді, немерелер сүйді. Төрт құбыласы тен дейтіндей-ақ жанұяға айналды. Әліма Жұмабекке бақытты болам деп барды, үміті ақталды. Өзі де Жұмабекке бак бо-

лып кездесті, Жұмабек құт-береке дарыған шаңырақтың отағасы болса, Әліма отанасы бола білді.

Жұмабек өз өмірінде қиыншылықты көп көрді. Мен оны жақсы білемін. Біз студенттік жылдардан кейін де жақсы араластық. Мен үшінші курстан кейін Москваға ауысып кеттім. Оған Жезқазған-да қызмет істедім. Сол тұста 5-6 жыл Жұмабекпен көріспей, араласа алмай қалды. 1984 жылдан бастап қайта табысып, отбасымызбен араласа бастадық. Міне, осы кезеңдерде мен бағалаған Жұмабек бойындағы биік қасиет — әділдік! Қандай жағдай болмасын Жұмабек тек әділдікке тақ тұратын.

Әлілі Абай айтатын үш сүю: «Алланы сүй, адамзатты сүй, әділетті сүй хақ жолы деп». Осы Абай айтқан үш сүюдің алдының екеуі Жұмабектің бүкіл болмысынан танылып тұратын-ды. Оған мысал келтіріп жатудың қажеті шамалы. Ал үшіншісін Жұмабек өз өмірінің әрбір иірінде дәлелдеп кеткен адам. Оның мына өмірде ең бір қастерлейтін қасиеті әділдікті сүю еді. «Әділетті сүй хақ жолы деп» деген ұлағаттың Жұмабек бойында тұнып тұрғанын талай көрдім, куәсі де болдым.

Адалдық пен әділдік ұғымдарын жанына жақын тұтқан Жұмабектің өз өмір жолында әділетсіздікке кезіккен кезі аз болған жоқ, бірақ болмысындағы парасаттылық пен бойындағы қайрат-жігер сондай сәттерде оны мойытуға жол бере қойған жоқ. Ол небір қиын жағдайларды бастан өткізіп, «ауырдың астымен жүрген» сәттерде де қиындыққа төзе білді, өзін-өзі қайрай отырып, жөнсіздік пен жолсыздыққа қарсы күресе білді.

Оның мына өмірдегі әділетсіздіктен оқу бітірерде қызыл диплом ала алмай қалғанын біреу білсе, біреу білмес. Бес жыл «беске» оқып, қоғамдық жұмысқа белсене араласып, өз міндетіне алған істі аса зор жауапкершілікпен атқарып, Лениндік стипендият, қалалық мәслихат депутаты, университеттің маңдай алды студенті бола тұрып, мемлекеттік емтиханда сол кезеңдегі ең күдіретті пән «Ғылыми коммунизмнен» «үш» алып қалған жалғыз Жұмабек. Міне, тағдыр! Білімсіз болса, бір сәрі. Өзгелерден оқ бойы озық жүрген ұланның жолын кесуді

университетті көк дипломмен бітірді. Бұл өте ауыр тағдыр соққысы болатын. Міне, осынау ел алдында абыройын төккен үлкен соққыны Жұмабек көтере білді. Кейінгі жеткен жетістіктері арқылы әлгілердің әділетсіздігін мойындата да алды. Басқасын қойып, сол өзі «түбін түскір» ұш алған ғылыми саланың жаңаша бағытын зерттеуге ниет етіп, ұстазымыз академик, философия ғылымдарының докторы, профессор Раушанбек Әбсатаровтың жетекшілігімен 2004 жылы «Бұқаралық ақпарат құралдарының қазақстандық патриотизмді қалыптастырудағы рөлі» деген тақырыпта диссертация қорғауы дер едік. Өзінің сан тарапты журналистика саласындағы қайраткерлік қызметін ғылыммен ұштастыра білген, беспапа ұстаза айналып, Абай атындағы ҚазақҰПУ Саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының профессоры қызметін атқарып, студенттерге дәріс оқу арқылы, оларға білім беріп ғана қоймай, біліктілік тәрбиесінің тағылымдарын санаға сіңіруге ұмтылуы, ілгерідегі әділетсіздікке берілген басты соққы деп білеміз.

Тағы бір атап айтар нәрсе, Жұмабек сол студент кездің өзінде-ақ бүкіл елдің алдында жүрген азамат еді. Жұмабек басшылық арнайы тағайындаған жетекші ғана емес, айналасы қадір-қасиетін мойындай отырып, өз ортасынан шығарған көшбасшылық қасиетке ие тұлға-тын. Ол өз курстастарынан көмегін еш аяған емес, оларға үнемі рухани да, материалдық та көмек көрсете жүріп, керемет қолдау танытатын. Сол мінезден кейіннен тұлғалы азамат болған кезінде де еш айныған емес.

Өзі ұйымдастырған курстастарының 30 жылдық кездесуіне арналған «Құс қайтып оралды Алматыға» атты кітапта өзі ашық жазған екен көп жайды. Сол кітапта өз баспасынан жарыққа шығарған курстасы Талғат Айтбайұлы мұны өте жақсы біледі. Сонда Жұмабек не жазыпты дейсіз ғой?! Кітапта Жұмабек жазған екі мақала бар. Оның бірі «Арман қуып, арғымақ ойнатқан» деп аталады. Екіншісі — «Әділдік туралы әуезе». Алғашқы мақала дүниеден өтіп кеткен, өзінің студенттік жолдастарын еске алу іспетті. Болат, Мылтықбай, Абдолла тағы басқа достары туралы тебірене жазып, құрметпен еске алады. Жазысын асырып, жаманын жасырып дегендей, солардың өзі куә болған адами қасиеттерін жарқырата ашып, бірге жүрген күндердегі пәни жалғанның қуаныштарын қарсы алған сәттердің қызықтарын, басқа түскен қиындықты жеңе білген жұбанышты сәттерін мөлдірете жазып, тебірене жеткізеді.

Осы кітапты жазуға ат салысқан басқа курстастар өздері жайлы толғаған. Ал Жұмабек өзінің осындай дүниеден өтіп кеткен жолдастары туралы жазды. «Өзі айта алар өз жайын» жазбай, өздері туралы айта алмайтын достарының жандүниесіне үніліп, өткеннің елесінен кешегі мен бүгінгінің шындығын туғыза алды. Меніңше, нағыз адамдық пен азаматтықтың белгісі осы болуға тиіс.

Екінші мақала «Әділдік туралы әуезе» деп аталатынын жоғарыда айттық. Не туралы? Әлгі мен сөз қылған «үштің» әлегі туралы. Осы мақалада өзінің өмірлік ұстанымдары туралы терең ой қозғайды. Назар салып, оқып көріңіз: «Ал адалдық, өз ісіме деген қалтқысыз тазалық, бұл — менің өмірлік ұстанымым. Балаларыма бойтұмар етіп қалдырар қағидатым». Міне, осы сөздері арқылы Жұмабек өз бойындағы адами, азаматтық болмыстың, шымырлаған шындығын өзі ашып берген. Қайран Жүкен сол бір «үш» күшке айналған сәтті «Есеп айырысудың құралы болған емтихан» деп бағалапты. Ол кейін өзіне-өзі серт беріп, қиянатшылдар алдында өзінің кім екенін дәлелдеуге тырысты. Ерінбей еңбек етті, тер төкті. Соның бір дәлелі жоғарыда айтқан ғылыми ізденісті күрделі еңбек. Өткен дейтін өкініш, жазылып біткен, дайын тұрған докторлық еңбекті қорғауға «тағдыр-жазым» мүмкіндік бермеді.

Оқу бітірген соң, Жұмабек өзінің қызмет жолын Орталық комитеттің жолдамасымен барған «Социалистік Қазақстан» газетінен бастап, қазақ журналистикасының дамуына өлшеусіз еңбек сіңірді. Бірнеше республикалық басылымдардың бас редакторы болды. Көрнекті қоғам қайраткеріне айналды. Дана Шәкәрім: «Өмірдің өкінебейтін бар айласы, Ол айла — қиянатсыз ой тазасы. Мейрім, ынсап, әділет, адал еңбек, Таза жүрек, тату дос — сол жарасым» деп жеті қасиеттің сырын ашса, Жұмабек болмысына осынау қасиеттер түгел түзіліп тұр деп нық сеніммен айта аламыз.

Жұмабек көтерілген биіктіктің бәрі — таза еңбек пен әділ жүріп, анық басқан іскерлік пен жақсылықтың жана-шыры бола білген көшеліктің арқасында жеткен жетістіктер нәтижесі. Өзін-өзі білген, өзіне-өзі сенген, өзін-өзі тәрбиелей білген азамат осылай болуы керек деп ойлаймын.

Мен Жұмабек жайлы айтылар сөз әлі алда деп білемін. Бүгінгі жазбаға оның студенттік жылдарын, азамат ретінде қалыптасу кезеңін арқау еттім. Алла өмір берсе, Жұмабек жайлы айтарымыз таусылмақ емес.

Менің кезінен өмірге өзгеше көзқараспен қарап, азамат ретінде өзіндік «МЕНІН» қалыптастыруға бүкіл өзінің саналы ғұмырын арнаған Жұмабек, бір сөзбен айтқанда, қашанда болса барлығымызға, бізге де, сізге де, бүгінгі жастарға да үлгі болар бірегей Тұлға! Азаматтық Тұлғаның өмірі өнеге, ғұмыры ғибратты бола бермек!

Өмірхан ӘБДИМАНҰЛЫ,
филология ғылымдарының докторы,
профессор

КӨПБІРЛІКТЕ ЖАҢАЛЫҚ КӨП

Қаратал ауданының шалғайдағы ауылдарында жылдар бойы жұртты мезі қылып, жақсылықтан үмітін үздірген проблеманың бірқатары биыл шешімін тапты. Сондай елді мекендердің бірі – балықшылар тұратын Көпбірліктегі көп мәселенің басында күйі кеткен күре жол тұрған болатын. Бұл жолға бұған дейін бірнеше рет қаржы бөлінгенімен, мердігерлер күрделі жөндеуді қайта-қайта сиырқұйымшаққа салып, ақырында жолды да қатырмай, бөлінген ақшаны да су аяғы құрдымға жіберіп тынғаны есімізде. Сонымен бірге Балқаштай кішігірім теңіздің жағалауындағы ауылда ауызсу да үлкен проблема еді. Таза сумен қамтуға да бірнеше рет қаржы қарастырылғанмен, олар да жолға бөлінген қаражаттың кебін киген. Бұдан басқа да проблемалар жетіп артылатын шалғай ауылдың шырайы кіретін болды.

Болат АБАҒАН, Жетісу облысы

Қаратал ауданына жұмыс сапарымен барған облыс басшысы жылдар бойы жырға айналған жолдың біткені туралы айтты. Айтып қана қойған жоқ, онда атқарылған жұмыстарды өз көзімен көріп қайтты.

«Үштөбе – Алмалы – Көпбірлік» автомобиль жолының жалпы ұзындығы – 176 шақырым, соның 137 шақырымы жөнделсе, оның 78,5 шақырымы биыл төселіпті. Ал қалған бөлігі жақсы және қанағаттанарлық жағдайда екен.

Көпбірліктен Алмалы ауылына дейінгі ұзындығы 28 шақырым жол бөлігіне 2021 жылы орташа жөндеу жасалыпты. Жолдың қалғанының жұмысы төрт бөлікпен атқарылған көрінеді.

– Былтыр жалпы ұзындығы 30 шақырым болатын учаске жөндеді. Бүгінде автотрассаның 40 шақырымына, яғни 90–147 шақырым бөлігіне асфальт төселді. Қазір абаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Бұл жұмыстар 10 қарашаға дейін бітеді. Трассаның екінші және үшінші учаскелерінде де жөндеу аяқталып, пайдалануға берілді. Жолдың барлық учаскесі асфальтталды. Жобаның құны 4,9 млрд тенгеден асады. Жол 3-ші санатты, жүру бөлігінің

ені – 7 метр, – деді жол құрылысы туралы баяндаған облыстық Жолаушы көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Ғалымжан Дәрібаев.

Облыс әкімі жөндеу жұмыстарының сапалы атқарылғанын атап өтіп, мердігер



компания жұмысшыларына істі уақытылы аяқтағаны үшін ризашылығын жеткізді. – Халықпен кездесулер кезінде тұрғындар Көпбірлік ауылына баратын



жолдың мәселесін жиі көтеретін. Осыған байланысты оны жөндеуге қатысты нақты шаралар қабылданды. Қазір толық жөнделіп бітті. Бұл трассамен жүк көліктері көп жүрмейтіндіктен және жұмыс сапалы орындалғандықтан, жол кемінде он жыл

дарды дамытуға бағытталған нақты жоспарлар бар, – деді Бейбіт Исабаев.

Ауызсу демекші, Көпбірлік ауылында бұл мәселе де шешімін тапты. Ауылда орталықтандырылған су құбыры болғанымен, соңғы жылдары тұрғындар тұзды су ішуге мәжбүр еді. 2010 жылы ауылда сумен жабдықтау жүйесі қайта жаңғыртылған. Жаңа желілер салынып, тереңдігі 100 метрден асатын ұңғыма қазылып, тұщыландыру қондырғысы орнатылды, ысырмалары ауыстырылды. Бірақ қыруар қаржы жұмсалған жоба дұрыс нәтиже бермеген. Соңғы жылдары судың тұздылығы литріне 5,9 грамнан 8 грамға дейін өсіп, тұрғындар таза суға зәру болып қалған. Ақыры бюджеттен қаражат бөлініп, мәселені шешуге қажетті шаралар қабылданды. Атап айтқанда, 2 шақырым желіге қайта жаңғырту жүргізіліп, жаңа су мұнарасы тұрғызылды, оған қоса тұздану деңгейі литріне тіпті 12 грамма жеткен күнде де суды тұщыландыруға қуаты жететін жаңа қондырғы орнатылды.

Көпбірлік ауылының тұрғындары облыс әкімімен жүздесуге жуырда пайдалануға берілген денешынықтыру-сауықтыру кешенінің алдына жиналды. Олар ауылға келетін жолдың жөндеуіне және ауызсудың сапасы жақсартылғанына ризышылығын білдірді.

– Көпбірлік – облыстың ең шалғайдағы ауылының бірі. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес біз облыс орталығына жақын елді мекендерді ғана емес, алыс жатқан ауылдарды абаттандыру мен дамытуға ерекше көңіл бөлеміз. Халықтың өмір сүру сапасын жақсарту үшін ең бірінші сапалы ауызсу, жол, жарық және әлеуметтік нысандар керек. Тұрғындар тұрмыстың жақсарғанын сөз жүзінде емес, іс жүзінде сезінуі тиіс. Сіздердің ауылға келетін жолды жөндеп бітірдік, ауызсудың сапасын жақсарттық, денешынықтыру-сауықтыру кешенін, ауылдық әкімдік салып бердік. Енді сіздердің өтініштеріңізге сәйкес кітапханасы бар мәдениет үйі тұрғызылады. Екі ауылдық округке ортақ өрт сөндіру депосын құрып, қажетті техникамен қамтамасыз етеміз. Сол сияқты көшелерді жөндеуге, жарықтандыруға назар аударылады, – деген облыс басшысы халықтың өмір сүру сапасын жақсарту мақсатындағы осындай жұмыстар әлі де жалғасын тапты.

– Ұзақ жылдардан бері біздің шалғайдағы ауылға арнайы келген бірінші облыс әкімісіз. Бұл ауылдықтардың мәселесі назардан тыс қалмайтынын көрсетеді деп ойлаймын. Мысалы, ауылымызда заманауи денешынықтыру-сауықтыру кешені салынды. Мұнда балаларымыз дзюдо, волейбол, баскетбол, тоғызқұмалақ, үстел теннисінен секцияларға барып, спортпен айналысуда. Осы жерден мықты чемпиондар шығады деп сенеміз. Ендігі бір тілегіміз, осы спорт кешенінің артында орын бар, сол жерге балалар үшін воркаут алаңын салып берсеңіздер, – деді ауыл тұрғыны Нұрлан Бердахметов.

Тағы бір тұрғын ауыл балаларын түрлі жарысқа апару үшін шағын автобус бөлінсе деген тілегін жеткізді. Облыс әкімі айтылған ұсыныстарды қолдап, аудан әкіміне және басқа да тиісті лауазымды тұлғаларға нақты тапсырмалар берді. Балқаш көлінің жағалауына апаратын 2,5 шақырымдық жолдың мәселесіне де назар аударды. Тұрғындардың айтуынша, жаңбырлы күндері жағалауға жету қиын. Облыс әкімі аталған жолға қиыршық тас төсеуге қаржылай көмек көрсетілетінін айтты.



ҰЛЫТАУДА ҰЛЫ АКАДЕМИК ҰЛЫҚТАЛДЫ

Ұлытау облысында Қаныш Сәтбаев атындағы республикалық олимпиада өтті. Академиктің 125 жылдығына орай ұйымдастырылған жарысқа химия пәні бойынша бақ сынау үшін еліміздің әр өңірінен 9-11-сынып аралығындағы 78 оқушы келді.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ, Ұлытау облысы

Жезқазған қаласында өткен олимпиаданың ашылу салтанатында Ұлытау облысының әкімі Дастан Рыспеков жас ғалымдарға сәттілік тілеп, ұйымдастыру ісіне қолдау көрсеткен Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын»

республикалық ғылыми-практикалық орталығына, «Қазақмыс» корпорациясына, The Ulytau Educational Foundation қайырымдылық қорына алғысын жеткізді. Сонымен қатар жиыңға қатысқан Президенттің ғылым және инновациялар мәселелері жөніндегі кеңесшісі, Ұлытау облысының құрметті азаматы, ғалым Күнсұл Закария ізденімпаз жастарға ізгі ниетін білдірді.

Іс-шара барысында Ұлытау облысына қарасты қала-аудан мектептерінің оқушылары мен жас ғалымдары көрме ұйымдастырып, тәжірибелерімен бөлісті.

Қазылар алқасының төрағасы Қурманғали Бекішев үздік нәтиже көрсеткен оқушыларды III дәрежелі дипломмен марапаттаса, II дәрежелі диплом алғандарды «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының басшысы Ғаждембек Тұрсынов, I дәрежелі диплом иелерін Ұлытау облысы әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова құттықтады.

The Ulytau Educational Foundation қайырымдылық қоры басшысының бірінші орынбасары Серік Әбенов Ұлытау облысының әкімдігі мен «Қазақмыс» корпорациясының қолдауымен ұйымдастырған Қаныш Сәтбаев атындағы республикалық химия олимпиадасында жоғары жетістікке жеткен оқушыларға және командаға «Үздік олимпиадалық команда» аталымын, Қаныш Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті және Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар Педагогикалық университетінің гранттарын табыстады.

Қаныш Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің грантын Павлодар облысы дарынды балаларға арналған №8 лицей мектебінің оқушысы Ярослава Кравчук, Назарбаев зияткерлік мектебінің оқушысы Санжар Жакубов иеленді.

Қызылорда облысы С.Шаухаманов атындағы №9 білім инновация лицей интернатының оқушысы Арен Теңізбаев пен Астана қаласы Canadian International School оқушысы Равиль Тарих болса Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар Педагогикалық университетінің грант иегері атанды.

Олимпиада қорытындысы бойынша Канада елшілігінің ауыспалы кубогі Павлодар облысының командасына табыстады.

«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС-ның «Жезказғанцветмет» өндірістік бірлестігі филиалының бас директоры Жасұлан Байниязов ең жоғары балл жинаған Павлодар облысы дарынды балаларға арналған №8 лицей мектебінің оқушысы Ярослава Кравчукты құттықтап, арнайы сыйлық табыстады.

жабдығы мен кабинеттер, оның ішінде акт залы, бөлек салынған жуыну және әжетханасы бар спорт залы, оқу кабинеттері, қазіргі заманға сай асхана мен әкімшілік бөлмелері бар. Сондай-ақ жоба аясында шағын жинақты мектеп аумағын абаттандыру жұмыстары жүргізіліп, спорт алаңы мен жүгіру жолы орнатылды.

ӨБТК бойынша әлеуметтік міндеттемелері шенберінде ҚПО жыл сайын жергілікті билік органдарымен бірлесіп, көптеген әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаны жүзеге асырып келеді.



ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕП САЛЫП БЕРДІ

«Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» (ҚПО) компаниясы Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы Жарсуат ауылында шағын жинақты мектеп құрылысын сәтті аяқтап, оны пайдалануға берді.

Объектінің ресми ашылу салтанатына облыс әкімі Нариман Төреғалиев бастаған Батыс Қазақстан облысының басшылығы, Бөрлі ауданының әкімі Еркебұлан Ихсанов, ҚПО бас директорының орынбасары Мұхтар Манкеев және мердігерлер мен қоғам өкілдері қатысты.

ҚПО бас директорының орынбасары Мұхтар Манкеев Жарсуат ауылы тұрғындары мен ашылу салтанатына келген қонақтарды жаңа мектеп құрылысының сәтті аяқталуымен құттықтап, барлық қажетті құрал-жабдықпен қамтамасыз етілген жаңа заманауи мектеп оқушылардың білім алуына қолайлы жағдай жасайтынын атап өтті. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында



балалардың ауылда да, қалада да сапалы білім әрі тәрбие алуына тен жағдай жасау қажет екенін бірнеше рет атап өткен болатын.

Жаңа мектеп барлық заманауи талаптарға сай салынған және онда білім алуға барынша қолайлы жағдай жасалған. Жоба бойынша мектепте 108 оқушы білім алуға тиіс. Мектепте барлық қажетті оқу құрал-

Хабарландыру

Сатып алу ұйымдастырушы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті. (Университет) Телефон: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62.

Сатып алу әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 20-бабы негізінде Университеттің №4 оқу ғимараты мен №6 жатақханасы ғимараттары аумағындағы ішкі автокөлік жолдары мен автотұраққа асфальт төсеу бойынша ағымдағы жөндеу жұмыстарын қайта сатып алу.

Сатып алу нысаны болып табылатын орындалатын жұмыстардың мерзімі: тараптар келісімшартқа қол қойған күннен бастап күнтізбелік 25 күн ішінде.

Сатып алуға қатысу шарттары: Сатып алуға қатысуға университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсынуларыңызды сұраймыз:

1. Құрылыс мердігерінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы;
2. Сатып алу нысаны болып табылатын жұмыстарды орындау саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары (келісімшарт, орындалған жұмыстар актісі және электрондық шот-фактура);
3. Құрылыс мердігерінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзыретті органдарға тіркелуі туралы анықтамасы;
4. Құрылыс мердігерінің жұмыстардың сапа сәйкестігін тексеру мақсатында олардың қажетті үлгілерін, каталогтарын немесе суреттерін өткізуге тиіс.

5. Құрылыс мердігері ҚКС төлеуші болса орындалатын жұмыстар бойынша ұсынған баға ұсынысының ішінде ҚКС қарастыру керек.

6. Құрылыс мердігерінің уәкілетті органнан берешегі жоқ туралы анықтамасы;

7. Өтінімді қамтамасыз ету мақсатында құрылыс мердігері ұсынған жалпы сомасының кем дегенде 5% мөлшеріндегі қаражатын төмендегі реквизиттерге енгізуі шарт; Тапсырыс беруші: «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті» мекемесі, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б.САТТАРХАНОВ даңғылы, 29В, БСН 990440008043, БСК HSBK-KZKX, ЖСК KZ436010291000010707, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ.

Орындалатын жұмыстардың көлемін <http://ayu.edu.kz/> сайтының хабарландыру парақшасынан немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинеттен алуға болады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 11.11.2024 (12:00), №201 кабинет.

Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты: Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, парақшалар бауланатын, нөмірленген түрде мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 7 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинетте қабылданады.

5 ҚАРАША 2024 | СЕЙСЕНБІ



Ерасыл ҚАЖЫБАЕВ,
«Қазақстан барысы-2024»:

Астанада Республика күніне орай ұйымдастырылған қазақ күресінен «Қазақстан барысы» XIII республикалық турнирі аяқталды. Бұл турнирге өңірлік жарыстардың қорытындысы бойынша іріктеліп алынған еліміздің үздік палуандары жиналған еді. «Қазақстан барысы-2024» атағын және алтын тайтұяқ жүлдесін Абай облысының палуаны Ерасыл Қажыбаев жеңіп алды.

Ең қиын қарсыласым — өзім

тұрғыда барлығына дайындалдым десем артық айтпаймын.

— **Финалдық белдесу жайлы айтыңыз. Ерсұлтан Мұзаппаровпен белдесу қалай өтті?**

— Ерсұлтан бауырымыз — қазақ күресінен, белбеу күресінен әлем чемпионы. Ерсұлтанның салмағы жеңіл болғандықтан, бапкермен ақылдаса келе белдесуге дейін созуды шештік. Өйткені бұл палуанды негізгі уақытта жеңу қиын. Ал белдесуде әйтеуір көтеріп болсын, жеңуге талпындым.

— **Сіздің ойыңызша, күресте жеңіске жету үшін ең маңызды қасиет қандай? Күш пе, техника ма әлде психологиялық дайындық па?**

— Менің ойымша, күресте жеңіске жету үшін ең маңызды қасиет — бұл техника мен психологиялық дайындықтың үйлесімі. Әрине, күш те маңызды, бірақ ол жалғыз өзі жеткіліксіз. Техникасы басым палуан қарсыластың күшін өзіне тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Техникалық шеберлік күштің көп болуын талап етпейтінін ескеру керек. Психологиялық дайындыққа келетін болсақ, ол — өзіне сену, стрестік жағдайларда сабырлы болу, қарсыластың қысымына берілмеу сынды шешуші рөл атқарады. Күрес тек денемен ғана емес, ақылмен де жүргізіледі. Сондықтан ең бастысы — техника мен психологиялық дайындықты жоғары деңгейде ұстау, ал күш — бұл қасиеттерді толықтырып тұратын маңызды элемент.

— **Спортпен байланысты қандай да бір ырымдарыңыз бар ма? Мысалы, жарысқа киетін ерекше киім немесе сәттілік әкелетін дүниелер дегендей...**

— Егер шынайы жауап берсем, менде спортпен байланысты ешқандай ерекше ырымдар жоқ. Жарысқа дейін белгілі бір киім кию немесе сәттілік әкелетін заттарға сену сияқты әдеттер менде қалыптаспаған. Меніңше, жеңіс — тек еңбек пен дайындықтың нәтижесі. Әрине, кейбір спортшыларға мұндай ырымдар психологиялық тұрғыдан көмектесуі мүмкін, бірақ мен үшін бастысы — өзімнің физикалық және психоло-



гиялық дайындық деңгейіме сенім арту. Жаттығулар мен стратегияны дұрыс құрып, жарыс кезінде соларды тиімді қолдану — мен үшін ең маңыздысы.

— **Жас спортшыларға қандай кеңес берер едіңіз? Олардың өз жолдарын табуында қандай қателіктерден сақтануларыңыз келеді?**

— Ең алдымен мақсат қойып, соған жету үшін еңбек ету керек. Бірақ әр қаламды аңдап басқан жөн. Жетістік бірден келмейді, спортта бір құлау, бір тұру бар. Қателесуден қорықпа, сол қателіктерден сабақ алуды ұмытпа. Басқалармен өзінді салыстырудың қажеті жоқ, әркімнің жетістікке жету жолы әртүрлі. Ең бастысы — өзінді дамыту. Спортта ғана емес, өмірдің басқа салаларында да өсуді ойлау қажет. Тағы бір айта кететін жайт, бірден нәтиже күтіп, тез жетістікке жетемін деп ойлау — үлкен қателік. Әр нәрсенің өз уақыты бар. Бапкердің кеңесін тыңдап, денсаулығына мән беру керек. Әлеуметтік өмірден алыстама, жақындарыңмен уақыт өткізіп, қолдауын сезін. Спортта да, өмірде де тепе-теңдік сақтай біл деп кеңес берер едім.


— **Болашаққа қандай жоспарларыңыз бар?**

— Бұл жеңіспен тоқтап қалмаймын. Әлі талай жоспар бар. Осы күнге дейін барлық уақытымды қаншама оқу жиындарына қатысып, барлығын жарыс пен жаттығуға арнадым, ендігі мақсатым жеке өмірімді қолға алғым келеді. Үйдегі ата-анамды қуанып келін түсірсем бе деймін. Бірақ жаттығуды да жалғастырамын, олимпиада чемпионы болу — үлкен арнамым! Осы жолда еңбектенуімді жалғастырамын.

Сұхбаттасқан
Әсет ҚАЛИ

«ҚҰРМЕТ» ОРДЕНІМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

Жусанды даламыздың желмаясы атанған жыр жампозы Жабайыл Бейсенов 1972 жылы жазған «Кіндігімің жас қаны, тағман жері ауылым» деп басталатын әні бүкіл елге танымал.



Ұзақ жылдар бойы ұлағатты ұстаздық пен тумалы талант ақындықты домбыраның қос ішегінен кастерлеген Жабекеннің шабытты шақтарын дәлелдейтін «Ауыл әуендері», «Алтын бесік ауылым», «Алақалым ауылым», «Күнгейім менің», «Балалық қызық бал күндер», «Тұсаудағы тумам», «Жырлайды жылдар» және «Ауылым алтын қазынам» атты жыр жинақтары бір төбе болса, туған жердің әнұранына айналған «Ауылым», «Қайран дәм», «Күндер-күндер», «Үр-жар вальсі», «Достық толғауы» және «Үржарым — құтты мекенім» атты ән мәтіндері де бір төбе.

Ел мен жеріміз емірене сүйіп, ет жүрегі елжірей жырлаған лирик ақын, ардагер ұстаз, тау тұлғалы ақсақал Жабайыл Бейсеновтің асқақ абырой, биік бедел иесі екендігін «ҚР Білім беру ісінің үздігі», «Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі», «ҚР Мәдениет саласының үздігі» және «Үржар ауданының Құрметті азаматы» сияқты айшықты атақтарынан айқын тануымызға болады.

Республика күніне орай Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен жасы 90-нан асатын абыз ақсақалымыз Жабайыл Бейсенов «Құрмет» орденімен марапатталды. Абыройлы марапатты Үржар ауданының әкімі Ақылбек Башимбаев, орынбасарлары Серік Тілемесов, Әнет Тұрлыбеков, аудандық мәслихат төрағасы Асқар Омаров, Абай облыстық мәслихаты депутаты, кәсіпкер Мамырбек Қарашев, жергілікті ақындар Амангелді Заманбекұлы мен Серікбек Туғанов және аудандық мәдениет үйінің директоры Қанат Сатмұхаметов арнайы барып, салтанатпен табыстады.

Амантай ОСПАНОВ,
ҚР Журналистер одағының мүшесі

ТЕАТР ФЕСТИВАЛІ АЯҚТАЛДЫ

Астанада 28 қазан мен 3 қараша аралығында өткен Абай атындағы мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жазушы-драматург Роза Мұқанованың драматургиясына арналған «ТЕАТР ALL» III Халықаралық театр фестивалі аяқталды.



Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, қазылар алқасының төрайымы Әлия Бөпежанова мұндай фестиваль өнердің дамуына әсер ететінін атап өтті.

«Фестивальдік қозғалыстар жалпы өнердің дамуына, бәсекелестік пен жана ізденістердің дамуына өте қатты әсер етеді. Осылайша, талай театр әртістері танылып, үлкен шығармалар дүниеге келеді. Роза замандасыма шығармашылық табыс тілеймін. Оның шығармалары театрларға азық болып, біздің руханиятымыздың дамуына өлшеусіз үлес қосып келеді», — деді Әлия Бөпежанова.

Биыл үшінші мәрте Астана төрінде ұйымдастырып жатқан бұл халықаралық фестивальге Әзербайжан, Қырғызстан және Қазақстанның үздік театр ұжымдары қатысты.

— Театрлардың қатысуымен өткен фестивальдің басты мақсаты — түркі дүниесінің мәдени кеңістігіне есімі танымал жазушы-драматург Роза Мұқанованың драматургиясындағы рухани құндылықтарды ескең ұрпаққа дәріптеу, театрлар



арасындағы шығармашылық әріптестікті нығайту болып табылды. Астана қаласының әкімдігі мен Мәдениет басқармасы, Музыкалық жас көрермен театрының ұйымдастыруымен міне осындай мақсаттарды арқау еткен, әр күн сайын көрермен назарына сағат 11.00 мен кешкі 19.00-де екі мәрте қойылымдар сахналанып, бір

аптаға созылған Халықаралық театр фестивалі өз мәресіне жетті. Көрерменге шынайы театр атмосферасын сыйлаған фестивальдің жемісті де, табысты бір аптасы еліміздің мәдени кеңістігінде ерекше оқиғаға айналды. — деді Музыкалық жас көрермен театрының директоры Асхат Маамиров.



AIQYN

Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор —
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС —
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ —
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА —
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —
Ақмола облысы
Алғабай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ —
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН —
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —
Қарағанды облысы
Назгул НАЗАРБЕК —
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА —
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ —
Қызылорда облысы
Бағи ЖАНЗАҚ —
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін — 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін — 55102
Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(717) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4517

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,